



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Алматыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің екінші отырысы өтті.

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде әлем технологиялық трансформацияның мүлдем жаңа кезеңіне қадам басқанына назар аударды. Президенттің айтуынша, қазіргі өзгерістер XIX-XX ғасырлардағы индустриялық революциямен салыстыруға келмейді. Өйткені оның жылдамдығы мен ауқымдылығы соншалық, физикалық болмыс пен цифрлық кеңістік арасындағы шекара жойылып барады.

– Жасанды интеллект жаһандық экономиканың басты арқауы, ал үлкен деректер қоры аса маңызды ресурс санала бастады. Сондықтан Қазақстан жасанды интеллектті аса маңызды стратегиялық бағыт ретінде қарастырады. Алдымызға Қазақстанды заманауи цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде өршіл мақсат қойдық. Тиісті институционалды алғышарттар мен базалық инфрақұрылым қалыптасты. Енді жасанды интеллект технологиясын экономиканың барлық саласына енгізуіміз қажет. Бұл ретте «технологиялық сәтті шаралары» басшылыққа алып, ұлттық мүддені де ұмытпаған жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, жаңа технологиялық парадиг-

маға көшу үшін қазіргі жағдайға объективті, шынайы баға беру қажет.

– Цифрлық экономика туралы тұжырымдама әлі толық жасақталмаған, қолданыстағы әдістеме бір ізге түспеген. Ішкі жалпы өнімді бес пайызға жеткізу туралы айтқанда, нақты экономика секторындағы өсім мен инновация нәтижесіндегі табыстың аражігін ажырата білу керек. Жалпылама көрсеткіштер көбіне жұмыстың тиімділігін емес, алдамшы көрініс қалыптастырып жатады. Сондықтан бұл цифрландыру мен жасанды интеллекттің ел экономикасына қосқан нақты үлесін бағалауға мүмкіндік бермейді. Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттікпен бірлесіп, цифрлық экономиканың ІЖӨ-ге әсерін бағалау бойынша ұсыныстар енгізгені жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әлемдік деңгейдегі жетекші зертханалардың соңғы деректеріне сүйене отырып, дамыған және дамушы экономикалар арасындағы алшақтық тез ұлғайып келе жатқанын атап өтті.

– Жасанды интеллекттің бір ерекшелігі – капитал да, технология да көшбасшылардың қолына шоғырланады. Уақытылы әрі батыл шешім қабылдаса, ер-

тең «технологиялық алшақтық» қысқарту қиынға соғады. Бұл – Қазақстан үшін алаңдатарлық ахуал. Қазіргі жағдайды егжей-тегжейлі саралап, нақты интеллектуалдық өнімдер жасауға қабілетіміз қаншалықты жететінін анық түсіну керек. Еліміз классикалық «Орта табыс дағдарысына» тап болды деген сарапшылардың пікірімен келіспеске амал жоқ. Мұндай кезде табиғи ресурстар мен арзан жұмыс күші секілді дәстүрлі ресурстар сарқыла бастайды, ал экономикалық өсімге серпін беретін жаңа салалар тиісті деңгейде дамымайды немесе іске қосылмайды. Экономиканың тұралауына жол бермеу үшін үлкен цифрлық платформалар құру қажет. Сол арқылы цифрлық экономикаға жедел ауысу амалын іздеген дұрыс. Мемлекеттік деректердің бірыңғай жүйесі болмаса, жасанды интеллекттен пайда жоқ. Осы орайда мемлекеттік сервистерді көзге көрінбейтін, бірақ өте тиімді операциялық жүйеге трансформациялау керек. Сонда шамадан тыс бюрократиялық талаптардан құтыламыз. Қазіргі жүйе бойынша сұраныс жіберуден бастап шешім қабылдауға дейінгі аралыққа бірнеше күн немесе бірнеше апта кетеді. Негізі, аталған цикл бірнеше секундқа дейін қысқаруға тиіс. Сол кезде елдегі капитал айналымы жеделдей түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

SMART CITY ТҰРМЫС САПАСЫН ЖАҚСАРТАДЫ

Мемлекет басшысы Presight AI басқарма төрағасы Томас Прамотедхамды қабылдады.



Президент мейманға ілтипат көрсетіп, Presight AI компаниясымен ынтымақтастық жоғары деңгейде екенін атап өтті.

Сондай-ақ кәсіпорынның еліміздегі жасанды интеллект саласындағы шешімдерді дамытуға зор үлес қосып келе жатқанына

ризашылық білдірді. Мемлекет басшысы нақты бастамаларды іске асыру арқылы серіктестікті одан әрі кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар екеніне тоқталды.

Томас Прамотедхам Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» жобасына қатысуға қызығушылық танытып отырғанын айтты. Бұл – жасанды интеллект, есептеуіш қуат пен цифрлық сервис инфрақұрылымын дамытуды көздейтін арнайы экожүйе.

Сонымен қатар Smart City бастамасына айрықша назар аударылды. Мемлекет басшысы компанияның осыған дейін Астанада жүзеге асырған жобасы оң нәтиже көрсетіп, халықтың қауіпсіздігі мен тұрмыс сапасын жақсартуға септігін тигізгенін жапсарды. Бұл ретте аталған шешімді Алматы қаласына енгізу перспективасы қарастырылды.

Кездесу соңында Президент Smart City жобасын жүзеге асыруға және екіжақты ықпалдастықты дамытуға үлес қосқаны үшін Томас Прамотедхамды II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫ КЕҢЕЙЕ БЕРМЕК

Мемлекет басшысы Sinovation Ventures және OIai компанияларының бас директоры Ли Кай Фуды қабылдады.



Әңгімелесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Кай Фудын Қазақстанда жоғары технологиялардың дамуына елеулі үлес қосқанын атап өтті. Бизнесмен Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес жұмысына белсенді түрде атсалысып келеді және Мемлекет басшысының штаттан тыс кеңесшісі.

Президент еліміздің жасанды интеллект саласында тиімді әрі нақты нәтижеге бағдарланған серіктестік құруға ниетті екенін айтты. Бұл ретте OIai және Sinovation Ventures компанияларымен бірқатар бағытта ынтымақтастық аясын кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді. Нақты айтқанда, Қазақстанда озық білім беру бастамалары мен жобаларды іске асыру, орнықты технологиялық экожүйе қалыптастыру бағыттарының келешегі зор.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ли Кай Фу өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру барысын талқылады.

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Dubai World Trade Center атқарушы вице-президенті Трикси Лохмирмандты қабылдады.



Кездесу барысында Қазақстанның цифрлық экономикасын дамыту және халықаралық технологиялық платформалар аясындағы ынтымақтастықты кеңейту перспективалары талқыланды.

Президент Қазақстан алдағы үш жылда толық цифрлық мемлекетке айналу жөнінде өршіл мақсат қойғанына назар аударды.

Алматыда өтіп жатқан Орталық Азиядағы алғашқы GITECH AI Central Asia & Caucasus форумы осы стратегиялық бағдардың айқын мысалы саналады және еліміздің жаһандық технологиялық күн тәртібін қалыптастыру ісіне атсалысуға дайын екенін көрсетеді.

Кездесуде Алматының технологиялық хаб ретіндегі рөліне айрықша мән берілді. Бұл қалада еліміздегі IT-

компаниялардың үштен бірі шоғырланған. Дамыған экожүйе құрамында белсенді стартаптар, инвесторлар мен халықаралық ойыншылар бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев Трикси Лохмирмандтың GITECH AI Central Asia & Caucasus форумын халықаралық деңгейде ілгерілетуге сінірген еңбегін жоғары бағалады.

Dubai World Trade Center атқарушы вице-президенті аталған алаң технологиялық нарықтың негізгі қатысушыларының басын қосып, жаңа серіктестіктер табуға жол аштынын атап өтті.

Әңгімелесу барысында GITECH AI Central Asia & Caucasus алаңын Орталық Азияда жыл сайын ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстанда басқа да өңірлік ауқымдағы іс-шаралар өткізу мүмкіндіктері қарастырылды.

DEFENSE TECH ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысына Defense Tech қорғаныс пен қауіпсіздік саласындағы инновацияларды қолдау орталығы көрсетілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қолға алған Defense Tech жобасы таныстырылды.

Defense Tech бастамасы Қарулы Күштердің және ұлттық қауіпсіздік жүйесінің қажеттілігі үшін отандық технологиялық шешімдерді анықтау, іріктеу және жедел дамыту жөніндегі инновациялық экожүйе құруды көздейді.

Жоба аясында инновациялық командалармен және ғылыми-техникалық ұйымдармен тұрақты жұмыс механизмі қалыптасты.

Astana Hub алаңында Defense Tech үйлестіру кеңесі ұйымдастырылған. Бұл Қорғаныс министрлігі, технологиялық кәсіпкерлер, ғылыми ұйымдар және индустриалдық серіктестер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Бастаманы ілгерілету аясында Алматыдағы Армия Үйі базасында мультифункционалды инновациялық хаб – Defense Tech IT Park қорғаныс технологиялары орталығы ашылды. Мұнда отандық IT компаниялар мен стартап командалардың қорғаныс пен қауіпсіздік саласындағы озық технологиялық шешімдері мен перспективті әзірлемелері ұсынылған.



5 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Басы 1-бетте

Дүниежүзілік банктің мәліметінше, цифрлық экономиканың әлемдік ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірінші кезеңдегі ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірінші кезеңдегі ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірінші кезеңдегі ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірінші кезеңдегі ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірінші кезеңдегі ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірінші кезеңдегі ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірінші кезеңдегі ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекеңің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.



30 пайызға дейін азайтады. Тексеріс салық жинау кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізіледі. Ал ол кезде бюджет қаржысы әлдеқашан игеріліп қояды. Жасанды интеллект арқылы күшейтілген платформалық тәсіл бұл ретте елдегі алға озуға жағдай жасайды. Атап айтқанда, үздіксіз предиктивті мониторинг мақсатын немесе күмәнді транзакцияларды алдын ала анықтайды. Бұл ретте тек мемлекет ресурсына сенім арту стратегиялық тұрғыдан кәсіпкерге ескерткім келеді. Қабылданған платформалық шешім жеке капиталдың бәсекеге қабілеттілігін сақтайтын басты құрал болуға тиіс. Негізгі міндет – осындай институционалды орта қалыптастыру. Үкімет бизнесті ынталандыратын нақты ұсыныстар енгізуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы цифрландыру заман талабы екенін айтты. Бұл ретте Президент Біріккен Араб Әмірліктері қолма-қол төлемсіз экономикаға көшуді жоспарлап отырғанын мысалға келтірді. Қытайдан да үлгі алуға болады. Көрініс ел жыл сайынғы триллион доллар транзакцияларды цифрлық платформада өңдеу ісін жолға қойды.

– Қазақстан да бұл бағытта оң нәтижеге қол жеткізді: еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 80 пайыздан асты. Осы жиына қатысып отырған отандық фин-тех компаниялар көбісі деңгейлері жоғары екенін көрсетті. Цифрлық теңгенің кеңінен қолдануы шын мәнінде «ойын ережесін» өзгертеді. Өйткені бюджеттің ашықтығын қамтамасыз етіп, транзакция үшін алынатын комиссиялық төлемдердің шығынын қысқартады. Бұл Қазақстанның дүниежүзінен көбірек капитал тартып, жетекші инвестициялық және қаржылық орталыққа айналуына көмектесуге тиіс. Былтыр елімізде алғаш рет цифрлық активтер мен криптовалюта реттейтін құқықтық база қалыптасты. Жылжымалы мүлік, алтын, ірі өндіріс кәсіпорындарының акцияларын және басқа да активтерді токенизация жасауға мүмкіндік пайда болды. Мақсатымыз – аймақтағы жетекші криптохабқа айналу. Үкімет пен Ұлттық банк цифрлық активтерді дамытудың басты бағыттарын бекіткені жөн. Бұл – шұғыл міндет, уақыт күтпейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «нақты уақыт экономикасына» көшу өте маңызды екеніне назар аударды. Себебі дәстүрлі жүйеде мемлекет үнемі «ізнен қып» отырады.

– Мысалы, бюрократиялық рәсімдер мен бітпейтін келісулер қаржының тиімділігін

дейінгі» кезеңдерді түгел қамтитын тізбек жасау керек. Алдымызда қолданбалы әзірлемелерді тез арада коммерцияландыру, салықтық ынталандыру және келешегінен көп үміт күттіретін жобаларды бірлесе қаржыландыру құралдары қарастырылған толыққанды венчурлік эжөжүйе қалыптастыру міндеті тұр. Мұндай пәрменді тетік болмаса, ғылыми әлеуетіміз тек академиялық ортамен шектеліп қалады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сенімді инфрақұрылымды цифрлық экономиканың тағы бір берік тұғыры ретінде атады. Бұл – технологиялық дербестіктің алғышарты. Оның маңызы энергетика немесе логистика саласынан кем түспейді.

– Есептеу қуатын, деректерді және байланыс арналарын бақылауда ұстау айрықша өзекті. Қазіргі заманда мұны өзгелерден тәуелсіз болудың бұлжымас қағидасы десек, артық айтқандық емес. Бізге жасанды интеллект пен «бұлтты» технология қызметтеріне арналған инфрақұрылымдық базаны дамыту керек. Осы бағыттағы басты жоба – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру ісін жүйелі жүргізу қажет. Бұл – алдағы уақытта экономикамыздың жаңа индустриялық тірегіне айналатын ауқымды кластер. Мұндай орталықтар кәсіпкерлер мен ғалымдарды есептеу ресурстарымен қамтамасыз етеді. Сенімді цифрлық инфрақұрылым еліміздің стратегиялық активіне айналуға тиіс. Үкімет «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» жобасын мұқият пысықтауы қажет. Бұл ретте халықаралық стандарттар және осы саладағы жетекші компаниялар бекіткен талаптар ескерілуі тиіс. Ең бастысы, бұл аса маңызды жоспар еліміздің суранысына сай және заманауи озық үрдістерді ескере отырып жасалғаны жөн. Дата-орталықтар – сенді цифрлық технологиялар көрмесі емес, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев киберқауіпсіздік жігі қалағандар, кез келген инфрақұрылым сыр беретінін мәлімдеді.

– Ұлттық технологиялық өнімнің бөріне қауіпсіздік стандарттарын енгізу керек. Дербес деректерді қорғау міндеті Конституцияда нақты бекітілді. Сондықтан бұл жұмыс құпиялық, тұтастық, қолжетімділік қағидаттарына негізделуі қажет. Мемлекеттік цифрлық қызметтердің тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуі – басты талаптың бірі. Ашықтық, жаһандық интеграция және ұлттық

мүдде арасындағы теңгерімді сақтау – айрықша маңызды. Мемлекет осы жұмысты тиімді ұйымдастырғаны дұрыс. Цифрлық қауіпсіздік мәселесі виртуалды кеңістік ауқымынан әлдеқашан шығып кетті. Тауы Шығыстағы оқиғалар жаһандық тәртіптің осал тұстарын айқындап берді. Өкінішке қарай, бүгінде дамыған елдердің цифрлық инфрақұрылымына қатер төніп тұрғаны жасырын емес. Мұндай жағдайда халықаралық бизнеске қауіпсіздік ауадай қажет. Жаһандық технологиялық қауымдастық үшін институттар мен құқықтық жүйенің тұрақты, ал цифрлық инфрақұрылымның сапалы болғаны өте маңызды. Қазақстанды «цифрлық хабқа» айналдыру жөнінде міндет қойдық. Демек, осы талаптың үлесінен шыға білу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге әлемнің әр түрлі пірінен біртүтес мамандар шақыру және инвестиция тарту үшін барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

– Қазақстанды жайлы аймақтық хаб ретінде таныту үшін көші-қон үдерістері онтайландырылып жатыр. Оның бәрі толық цифрлық форматқа көшіріледі. Таяуда қолданысқа енгізілген «Алтын виза» осы бағыттағы елеулі шешімдердің бірі болды. Бұл визаның иегерлері ұзақ уақыт бойы еліміздің резиденті бола алады. Артық өкімшілік жүктеменен босатылады. Оларға елдегі салық жеңілдігі беріледі. Бағдарламаға қатысушылардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан азаматтарымен бірдей сапалы білім алуға, медициналық қызметті пайдалануға мүмкіндігі болады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті тиімді қолдану үшін деректерге бағдарланған басқару моделін енгізу керек деп санайды.

– Жүйеленген деректер – жасанды интеллектті дамытудың экономикалық негізі. Мұндай деректер технологияның әлеуетін пайдаланып, өнімділікті арттыруға жол ашады. Осы ретте тіл бүкіл жүйені біріктіретін басты құрал болуға тиіс. Ең алдымен, қазақ тілін заманауи цифрлық жүйелерге толық кіріктіру керек. Сонда ғана деректерді құрылымдап, инновацияны барлық салаға енгіземіз. Ортақ деректер жинақталып, өзара үйлесімді және машина оқи алатындай форматта болуға тиіс. Әйтпесе, ең мықты алгоритмнің өзі дұрыс жұмыс істемейді, оның еш пайдасы


болмайды. Қазір аса құнды ақпараттың көбі архивтерде шаң басып жатыр. Оның бәрін цифрлық форматқа көшіру қажет. Біз уақыттан ұтылып, мүмкіндікті пайдалана алмай жатырмыз. Үкімет жасанды интеллект үлгілерін оқыту үшін архивтердегі және қолданыстағы мәліметтерді сапалы деректер торабына жинақтауға тиіс. Бұл жұмысқа дереу кіріскен жөн. Бұдан бөлек, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі деректер сапасын аяқындайтын ұлттық стандартты бекітуі керек. Ол экономика, ғылым және бизнес өкілдеріне қолжетімді болғаны абзал. Жалпы, деректерге бағдарланған басқару үлгісіне толық көшу үшін Үкімет мемлекеттік бағдарламалардың нормативтік базасы мен мазмұнын қайта қарап шығуға тиіс. Мәліметтерді жүйелеп, «деректер қоймасы» деп аталатын бірінші желіге кіріктіру маңызды. Жұмыстың тиімділігі соған қарап бағаланады. Біз осы бағытта шұғыл шараларды қолға алмасақ, салынған инвестиция құмға сінген судай жоқ болады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жасанды интеллекттің стратегиялық маңызы моделдің ауқымына қарай емес, керісінше экономиканың нақты секторымен қаншалықты үйлесім тапқанына байланысты анықталатынын айтты.

– Шын мәнінде, парадигмалар түбегейлі өзгеріп жатыр. Жасанды интеллектті нақты уақыт режимінде пайдалану өсімнің басты факторы санала бастады. Сондықтан бізге деректерді, үдерістер мен адамдарды біріктіретін біртұтас жүйе құру қажет. Осындай негіз қалыптасқанда ғана пилоттық шешімдермен шектелмей, жасанды интеллектті экономиканың барлық секторына енгізуге ең ашылады. Жаһандық технологиялық жарыста бірде бір ел өз бетінше жасанды интеллект әлеуетін толық пайдалана алмайды. Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес, ең алдымен, экономика және цифрлық платформа саласында келісілген тәсілдер әзірлеп, озық тәжірибелермен алмасу үшін құрылды. Осыған орай Кеңестің келесі отырысында жасанды интеллектті өнеркәсіпке енгізу мәселесін қарастыру қажет деп ойлаймын. Өйткені өндіріс – қосылған құны жоғары өнім өндіретін және жана технологияны сынап көретін ең басты алаң. Бұл орайда тау-кен кешені, энергетика, агроөнеркәсіп секторы, логистика салаларындағы өнімділікті арттыру, шығындарды азайту және басқару тиімділігін жетілдіру мәселелеріне баса мән беруді ұсынамын. Индустриялық деректерді дамытып, өндірістің цифрлық телнускаларын енгізу, сондай-ақ процестерді жаппай автоматтандыру арқылы біз стратегиялық мақсаттардың пікірталас күйінде қалмай, нақты іске ұласуына мүмкіндік жасаймыз, – деді Президент.

Жыныда Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Sinovation Ventures және 01.ai бас директоры Ли Кай Фу, Cambrian Futures бас директоры Олаф Дж. Грот, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Нурлан Жақыпов, Абу Дабиелігі Халифа ғылым және технология университетінің профессоры Меруан Дебба, Тьюринг сыйлығының лауреаты Джон Хопкрофт, БҰҰ-ның «Игілікке арналған ЖИ» бастамасы атқарушы кеңесінің төрағасы Эл Мазруи Әббас және Oxford Insights бас директоры Ричард Стирлинг сөз сөйледі.

ПРЕЗИДЕНТ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨРМЕСІН АРАЛАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев GITEX AI Central Asia & Caucasus 2026 халықаралық технологиялық көрмесін аралап көрді. Бұл әлемде цифрлық технологиялар мен инновациялар саласы бойынша ең ірі платформалар қатарындағы GITEX жаһандық эжөжүйесінің бір бөлігі саналады.

Мемлекет басшысына AI-Farabium суперкомпьютерінің мүмкіндіктері мен оның базасында іске асырылған ондаған жобалар, соның ішінде «Қазақтелеком» АҚ байланыс орталығының тұтынушылар шағымын оператордың қатысуынсыз өңдейтін ЖИ-ассистентті таныстырылды. Бұл цифрлық шешім қонырауды заңды тұлға немесе алаш шалғанын анықтап, оны антифрод қолқ орталыққа жібереді, осылайша құқық қорғау органдарына ақпарат беруге көмектеседі. Сондай-ақ Президентке банк жүйесіндегі жобалар жөнінде мәлімет берілді. Олар реттелетін, ашық және ауқымды цифрлық активтер эжөжүйесін құруға, инфрақұрылымды

(крипто хаб) дамытуға және халық пен бизнеске қызметтердің толық спектрін ұсынуға бағытталған. Цифрлық активтер нарығын дамыту аясында Қазақстан қор биржасында (KASE) токен түрінде қаржы құралдарын шығару қарастырылып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев KEDEN, SmartCargo ақпараттық жүйелері мен көлік-логистика саласындағы цифрлық жобалар көрсетілді. Атап айтқанда, KEDEN бірінші цифрлық платформасы келендік бақылау үдерісін онтайландыруға және жетілдіруге, сауда барысы мен шекарадан өтуді жеңілдетуге арналған.

Ал SmartCargo – кеден, көлік, Ішкі істер министрлігі, Ауыл шаруашылығы

министрлігі, фармацевтикалық және сауданы реттеу сервистерін біріктіретін логистикалық қызметтердің бірегей цифрлық терезесі. National Road Geoport (KazMaps) мониторинг пен инфрақұрылымға арналған Қазақстан автожолдарының цифрлық картасын ұсынады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Алматы қаласының IT эжөжүйесімен және білім беру, маман даярлау, балалар қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіп пен жол-көлік қозғалысын бақылау секілді цифрлық шешімдермен танысты. Сонымен қатар Президент Орталық Азиядағы балаларға арналған алғашқы ғылыми музейді аралады.

GITEX AI Central Asia & Caucasus 2026 көрмесіне 600-ден аса халықаралық компания, соның ішінде Cisco, Cloudflare, Google Cloud, Huawei, Dell, H3C Technologies, Lenovo, Trend Micro, Hikvision, HP, Noventiq, Redington, Salesforce, Vertiv және басқа да әлемдік технология көшбасшылары қатысуда.

ӘРБІР ҮЙ ЖАЙЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ БОЛУҒА ТИІС

Қостанайда көпқабатты тұрғын үйлерде жайлы өмір сүрудің жаңа стандарттарын енгізуге арналған TURGYNDAR AMANATY партиялық жобасының өңірлік форумы өтті. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов, «AMANAT» партиясының Хатшысы Александр Данилов, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева және партияның облыстық филиалының төрағасы Алмат Досмұхамедов өңірдегі МИБ және ПИК төрағаларымен тұрғын үй қорын басқарудың тиімді тетіктерін талқылады.



саласы заңнаманы одан әрі жетілдіруді қажет ететінін айтты.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен көпқабатты үйлерді басқару — ең күрделі салалардың бірі. Мұнда ескерерлік бірқатар жайт бар екенін айта кеткен жөн: әртүрлі үй, әртүрлі тұрғын, әр пәтердің өз проблемасы бар. Бұл салада әрдайым білікті кадр тапшылығы сезіледі. Қызмет көрсету нарығы тұрғын үйлердің нақты қажеттілігінен әлдеқайда аз. Біздің басты мақсатымыз — иесіз қалған үйлер санын азайту. Бірде-бір үй басқарусыз қалмауға тиіс. Басқару нысаны МИБ пе, әлде тікелей бірлескен басқару ма, субьектісі ПИК пе, әлде басқарушы компания ма — айырмашылығы жоқ. Ең бастысы, әр үй басқарылып, тиісті қызмет көрсетілуі қажет. Осы мақсатта партия фракциясы тұрғын үй қатынастары туралы заңға тиісті өзгерістер енгізді. Саланы жетік білетін тәжірибелі мамандар талқылау жұмысына қатысып, бірқатар ұсыныс берді, біз оларды ескердік. Бұл — өте маңызды. Себебі нормалар іс жүзінде кәсіби шеберлік пен тәжірибеге сүйенуі керек», — деді депутат.

Екатерина Смышляева бүгінде заңға тәуелді актілерді жетілдіруге, қайта тіркеу рәсімдерін жеңілдетуге және басқарушыларды кәсіби тұрғыда даярлау мен сертификаттау жүйесін қалыптастыруға басымдық беріліп отырғанын атап өтті.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту үшін қазақстандық орталығының өкілі Айбек Әлібеков тұрғын үй заңнамасындағы негізгі өзгерістерді түсіндірді. Оның айтуынша, 2025 жылғы 15 қыркүйектен бастап басқару органдары жұмысының ашықтығы мен регламентін күшейтуге бағытталған «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға енгізілген түзетулер күшінде. Атап айтқанда, «қарапайым серіктестік» формасы алынып тасталды, бұзушылықтар үшін қосымша жауапкершілік енгізіліп, санкциялар бекітілді. Сонымен қатар әрбір үйге жеке шот ашу міндеттелді, бұл «ортақ қазан» тәжірибесін жояды. Бұдан бөлек, ПИК-тердің коммерциялық емес ұйымдар ретінде тануы оларды ҚКК төлеуден босатып, тұрғын үйге қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал етуге тиіс.

«Центр Парк» МИБ төрағасы Ильяс Ахметов үйді тиімді басқару тәжірибесімен бөлісті. Оның айтуынша, МИБ нысанына көшкеннен кейін материалдық-техникалық база едәуір жаңартылып, инженерлік желілердің шамамен 60%-ы ауыстырылды. Соның ішінде жарты ғасырдан астам уақыт пайдаланылып, тозығы жеткен көріз жүйесі ұчаскелері де бар. 2025 жылы қайтарымды негіздегі бюджеттік бағдарлама аясында лифт жабықтары толық жаңартылды. Бұл қадам қауіпсіздікті күшейтіп, тұрғындардың жағдайын жақсартты.

«КСК Строитель-2» ЖШС директоры Татьяна Ивченко тұрғын үй қорына кәсіби қызмет көрсету және тұрғындармен өзара байланыс орнату тәсілдері туралы айтты. Оның айтуынша, компания 35 көпқабатты тұрғын үйді басқарады және есепті кезеңде шатырды ішін-ара жөндеу, кіреберістерге энергия үнемдейтін шамдар орнату секілді ауқымды жұмыс жүргізді. Қызмет көрсету тиімділігін арттыру үшін мессенджерлер мен чаттар сынды заманауи кері байланыс арналары белсенді қолданылады. Бұл қадам тұрғындардың өтініштерін жедел жауап беруге және дебиторлық берешек денгейін төмендетуге мүмкіндік беріп отыр.

Форум қорытындысы бойынша қатысушылар TURGYNDAR AMANATY жобасын жүзеге асыру қадамы тұрғын үйді басқарудың айтарлықтай ашық, тиімді және тұрғындар мүддесіне бағдарланған жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Айтылған ұсыныстар мен практикалық бастамалар пысықталып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмысты жетілдірудің өзегіне айналды.



КӨКШЕ ТӨРІНДЕ АСЫЛ ӨНЕР ЖАҢҒЫРДЫ

Көкшетауда «AMANAT» партиясының қолдауымен Ақмола облысы әкімдігі және айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы республикалық «Бес асыл» ұлттық өнер сайысын ұйымдастырды. Онда Ақмола және Атырау облыстарының өнерпаздарынан құралған командалар бақ сынады.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, белгілі ақын Аманжол Әлтай дүбірлі дода тізгінін ұстап, ұлттық өнердің мәні мен маңызына ерекше назар аударды.

«Бүгін киелі Көкше жеріндеміз. Бұл — сал-серілердің ізі қалған, ән мен жырдың қасиеті сіңген, талай тарлан талантты түлеткен өңір. Осындай рухы биік мекенде «Бес асыл» сынды ұлттық жобаның өтуі — үлкен мәртебе. «Бес асыл» — жай ғана өнер сайысы емес, бұл — қазақтың рухани болмысының айнасы. Айтыс, күй, терме және дәстүрлі ән — халқымыздың жан дүниесін, тарихын, тағдырын сақтап келген асыл қазына. Бұл өнер түрлері ұлттың үнін, елдің мұнын, халықтың қуанышын жеткізген. Осындай жобалар арқылы біз сол мұраны жаңғыртып қана қоймай, оны жас буынға аманат етеміз. «Бес асыл» — сол сабақтастықтың жарқын көрінісі», — деді ол.

Осы орайда Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов мұндай жобалар жастарға асқақ рух сыйлайтынын атап өтті.

«Бүгін біз ұлттық өнеріміздің қаншалықты бай әрі мазмұнды екенін көріп отырмыз. Дәстүрлі мәдениетті қолдау — ел болашағына қосылған үлкен үлес. Осындай

жобалар жастарды рухтандырып, ұлттық құндылықтарды нығайтады», — деді облыс әкімі.

Сондай-ақ іргелі іс-шарада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-журналист Жабал Ерғалиев орамды ойын ортаға салды.

«Бүгін нағыз мәдени іс-шараның күәсі болдық. Екі команданың да деңгейі жоғары. Бұл тек сайыс емес, бұл — ұлттық өнердің мерекесі. Осындай додалар дәстүрлі өнерді жаңғыртып қана қоймай, жас буынға шалқар шабыт сыйлайды. Көрермен ретінде ерекше рухани әсер алдық», — деді ол.

Сайыс барысында айтыс, күй, жыр, терме және дәстүрлі ән сынды ұлттық өнер түрлері қамтылды. Бұл ретте Ақмола облысының намысын белгілі ақын Арман Бердалиев қорғады. Ал Атырау облысының командасын белгілі ақын Саадат Нұрманов бастап шықты.

Қазылар алқасы құрамына Қазақстанның Халық жазушысы, белгілі ақын Жүрсін Ерман төрағалық етті. Осылайша, сайыс қорытындысы бойынша Ақмола облысының командасы жеңімпаз атанып, келесі кезеңге жолдама алды. Жеңімпаздар дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

«ТАЗА БЕЙСЕНБІ»: ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚ — ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ МӘЙЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпұылтық бастамасы аясында елімізде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өткізілуде. Бұл акция азаматтар арасында экологиялық мәдениетті нығайтуға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталып отыр.



Мәселен, Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында орналасқан «Тасқай ханшайымы» қорымы аумағында «AMANAT» партиясы облыстық филиалының ұйымдастыруымен тазалық жұмысы жүргізілді. Іс-шараға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттері, партия белсенділері, ауыл тұрғындары қатысты. Оның барысында ескерткіш айналасы тазаланып, әкетеу, қошetter егу жұмысы қолға алынды.

«Басты мақсат — тарихқа тағзым етіп, өңір аумағындағы құнды жәдігерлерімізді жас ұрпаққа таныстыру. Бірқатар студент партия белсенділерімен бірге тазалық жұмысын жүргізіп, музей қызметкерінің тарихи жәдігер туралы апаратын тыңдады. Осы бағыттағы жұмысты алдағы уақытта да жалғастырамыз», — деді «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Гаухар Шайхиниязова.

Ал Жамбыл облысы Жамбыл ауданында «Аса» өзенінің жағасы тазаланды. Оған партия мүшелері, мәслихат депутаттары және «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері қатысты. Нәтижесінде, 1,5 тоннаға жуық қоқыс жиналып, арнайы техниканың көмегімен белгіленген орындарға шығарылды.

«AMANAT» партиясы Жамбыл аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібековтің айтуынша, «Таза бейсенбі» акциясы — тек тазалық жұмысымен шектелмей, тұрғындарды ортақ жауапкершілікке шақыратын маңызды бастама.

«Қоршаған ортаның тазалығы — коммуналдық қызметтердің ғана емес, тұтас қоғамның жауапкершілігі. Әсіресе, көктем мезгілінде табиғат аясында, өзен-көл

жағасында демалушылар саны артады. Өкінішке қарай, кейбір тұрғындар қоқыстарын жинамай кетіп жатады. Бұл экологияға кері әсерін тигізеді. Сондықтан бүгінгі іс-шараның басты мақсаты — тек аумақты тазалау ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру», — деді Талап Әбдібеков.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында «Ақтоғай — Қызыларай» бағытындағы автомобиль жолының жиегін абаттандыру және санитарлық тазалық жүргізу жұмысы қолға алынды. Акцияға 50-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында аудандық мәслихат депутаттары, партиялық актив өкілдері, жастар, еріктілер және белсенді тұрғындар бар. Қатысушылар жол жиегіндегі тұрмыстық қалдықтарды тазалап, қоғамдық кеңістіктерді ретке келтірді.

«Бүгінгі акция — біртүтес іс-шара емес, әрбір азаматтың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. «AMANAT» партиясының бастамасы адамдарды ортақ мақсат төңірегінде топтастырып, елді мекендерді таза әрі жайлы етуге жол ашады», — деді Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты Мейірман Кәрібаев.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында «AMANAT» партиясының облыстық филиалы мен «Жастар Рухы» жастар қанаты Ұлы Отан соғысы батырларының ерлігін ұлықтайтын Даңқ мемориалы мен ескерткіштер аумағында тазалау, абаттандыру жұмысын жүргізді.

«Қазақстан халқының бірлігі күні — тек достық пен келісімнің ғана мерекесі емес, сондай-ақ ұлтына қарамастан Отан үшін күрескен жандарды еске алатын күн. Ел мен жер үшін майдан шебіне аттанған азаматтарды Отанға деген сүйіспеншілік біріктірді. Ал біз болсақ, бүгін олардың ерлігіне деген құрметіміз арқылы жұдырықтай жұмылып отырмыз. Мұндай акциялар этносаралық келісімді нығайтып, жастардың бойында шынайы патриоттық құндылықтарды қалыптастырады», — деді «AMANAT» партиясы «Болашақ» филиалының атқарушы хатшысы Александр Зель.



НАРЫҚ

5 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

БЛОГЕР БОЛҒАН
БҰЛТАРМАС

Желідегі жеңіл табыс пен жауапсыз жарнаманың дәурені бітуге жақын. Мемлекеттік кірістер комитеті блогерлердің тағы 72 миллиард теңге салықтан жалтарғанын анықтап, мазасын қашырар 1,5 мыңнан аса ескерту-хат жолдады. Блогерлердің аспанын қара бұл торлап келе жатқанға ұқсайды. Бұл тек бастамасы: Үкімет пен Мәжіліс онлайн курстарды ауыздықтайтын екі бірдей заң жобасын талқылап жатыр. Мұның сыртында инфлюенсерлерге ұтыс ойындарын жүргізуге тыйым салатын, талаптарды қатайтатын құқықтық құрсаулар топтамасы пысықталу үстінде. Мемлекет ғаламтордағы «сөз серкелерін» қалай тәртіпке келтірмек?

ЖАСЫРЫН ТАБЫСТЫҢ
«ЖҮГІ» АУЫР

Қазір белгілі блогердің бәрі дерлік кәсіпкерлігін ресми тіркеген. Тіпті, тұрақты түрде салығын төлеп келеді. Соған қарамастан көбіне тексеру қаупі төніп тұр. Мысалы, елдің салық органы – Мемлекеттік кірістер комитеті (МКК) инфлюенсерлердің 72 млрд теңге кірісін жасырғанын әшкередеп, 1 500-ден астам хабарлама жібергені белгілі болды. Қарыз берешегі қайдан шыққан? Салық сарапшысы Айдар Масатбаевтың түсіндіруінше, блогинг, жарнамадан табыс, контентті монетизациялау мен донаттар жинауды салық органы кәсіпкерлік қызмет ретінде қарастырады. Сарапшы кез келген экономикалық пайда, қаражаттың алыну нысанына қарамастан, фискалдық ұйымның қызығушылығын тудыруы мүмкін екенін атап өтті.

Кейбір инфлюенсер, мысалы жарнамадан тапқан пайдасынан ғана салық төлейді де, басқа қаржы көздеріне қатысты алым-салық төлеу түгел, тіпті оны декларациясында көрсетуді «ұмытып» кетеді екен. Ал қазір салықшылар жасанды интеллект көмегімен кімнің шотына ай сайын қанша ақша түсетінін алақанға салғандай көріп отыр. Сарапшы бүгінде мемлекеттің өзін бизнес ретінде танығанын блогерлердің түсінуі маңызды екеніне назар аудартады. Бизнесмендер болса, әрбір кірісі мен шығысын каттап-шоттап, МКК-ге тоқсан, жартыжылдық және жыл сайын мұқият есеп беріп отырады.

Салықшылар блогинг осы ғасыр басындағыдай тек көңіл көтеретін, көкейге лықсып келген ойды елмен бөлісетін жай ермек емес, енді көл-көсір табыс әкелетін бизнес нысаны екенін жақсы біледі. Демек, бүгінгінің блогері – ел аралап, сый-сияпат пен құрмет-қошеметтің буына мас болып, емін-еркін, қамсыз жүретін кешегінің сал-серісі емес. Ол – тапқан-таянғанының әр тиынына дейін тап-тұйнақтай есеп беріп, мемлекет қазынасына міндетті салығын мұлткіз қалыпты іскер тұлға. Өзін солай ұстамаса, салық мәдениетін паш етіп, тәртіпке бағынбаса, алдымен түсі суық хабарлама, оның ізмен тексеруші ревизорлар келеді. Төленуге тиіс бастапқы салық «жете есептеулермен», айыппұлдармен

және өсімпұлмен еселенеді. Мұнымен шектелмей, шоттарды бұғаттауға және елден шығуға тыйым салуға дейінгі шектеулер енгізілуі мүмкін.

– Мынаны ұғынған жөн: блогинг әлдеқашан жай ғана хобби болудан қалды. Стористегі жарнама, интеграциялар, коллаб, шолулар, промокодтар, классикалық, амбассадорлық, нативті жарнама, YouTube-монетизация, донаттар, серіктестік төлемдер – мұның бәрін салықшылар табыс қайнары деп таниды. Мұның қайсысы нақты табыс екенінен, қайсысы тек уақытты зая еткенін инфлюенсердің өзі дәлелдеуі қажет, – делі салық сарапшысы.

КУРСТАРҒА ДА «ФИЛЬТР»
ҚОЙЫЛАДЫ

Блогерлерге қатысты талаптар тек күшейе беретінін Сенатқа жолдаған жауап хатында Үкімет басшысы Олжас Бектенов расталды. Оның хабарлауынша, осы мақсатта «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары әзірленді.

– Аталған заң жобаларына бірқатар жаңашыл норма енгізілді. Атап айтқанда, онлайн-платформа өзінде орналастырылған құқыққа қайшы контентті жою жөніндегі уәкілетті органның нұсқамаларын орындамаса, ол үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізу ұсынылды. Бұдан бөлек, кез келген салада білім беру курстарын ұйымдастыру үшін ол адамның сол мамандыққа қатысты білімінің болуы талап етілмек. Оқыту материалдарынан тұратын контентті, курстарды тарататын онлайн-платформа төл пайдаланушыларынан тиісті білімінің бары туралы хабарлама жазуды, диплом, сертификат деректерін көрсетуді талап етуге міндеттеледі, – делі Премьер-министр О.Бектенов. Ол Үкіметтің осы саланы реттеу жұмысын жалғастырылғанына үде етті.

Әрине, бұл заң жобаларын талқылап, қабылдау барысында депутаттар да оны

жаңа талаптармен, шектеу-тыйымдармен толықтырады даусыз. Бұл ретте Қаржылық мониторинг агенттігі (ҚМА) төрағасының орынбасары Қайрат Бижанов өз ведомствосының да онлайн-казиноны жарнамалайтын және күмәнді гивтер өткізетін блогерлердің теріс әрекеттеріне тосқауыл қоюға бағытталған заңнамалық түзетулер әзірлегені жөнінде құлағдар етті.

Қазақстанда онлайн-казино қызметіне де, оны жарнамалауға да «Ойын бизнесі туралы» (6-баптың 1-тармағы) және «Жарнама туралы» (6-баптың 5-1-тармағы) заңдарымен тыйым салынған. Тыйым болғанымен, тегеуріні болдыр: насихаттаушылар айыппұлмен шектелді. ҚМА мамандарының пайымдауынша, халық арасында құмар ойындардың кең таралуына интернеттегі агрессивті жарнама ықпал етеді. Көбіне жазылушылары мол блогерлер азаматтарды онлайн-казинолармен еліктіріп, одан қомакты табыс табады. 2025 жылдан агенттік заңсыз онлайн-ойындарды жарнамалаумен айналысқан 37 блогерді тапты. Олар айыппұл төлеп құтылған. Соның салдарынан кейбірі онлайн-казиноларды ілгерілету ісін әрі қарай жалғастырады.

«Көпшілігі заңды бірреттік емес, жүйелі түрде бұзады. Мәселен, хип-хоп орындаушы Baller (шын аты – Шыңғысхан Көпбаев) 2025 жылдан бері осы бұзушылығы үшін 5 рет жауапқа тартылды! Музыкант-блогер Р.Шамшыраққа (@rinat_shamshyrak) қатысты онлайн-казиноны жарнамалау фактісі бойынша 2 рет әкімшілік іс қозғалды. Блогер Н.Тұрғанов парақшасында (@Niko_net) бірнеше рет онлайн-казиноның жарнамасын орналастырған, сол үшін әкімшілік жауапкершілікке де тартылды», – деп хабарлады Қаржылық мониторинг агенттігі.

STORIES-ТЕН
СОТҚА ДЕЙІН БІР ҚАДАМ?

Ведомство блогерлердің онлайн-казино жарнамасы үшін мол сыйақы алатыны туралы ақпараттың бөлісті: инфлюенсер Қайсар Қамза 100 миллион теңгеді заңсыз табыс тапқан деген күдікке ілікті. Найль Тұрғанов онлайн-казино жарнамасы үшін

8 млн теңгеден астам алыпты. ҚМА дерегіне, Нұрғазы Токтаров (Nakonay Qatara) әлеуметтік желілерінде азаматтарды заңсыз ойындарға тарту мақсатында белсенді науқан жүргізіп, жарнама үшін 15,8 млн теңге алып, оның жартысына жуығына сол платформалардың өзінде ойнап ұтылып қалған.

– Өкінішке қарай, қолданыстағы заңнамада онлайн-казино жарнамасы үшін тікелей жауапкершілік жоқ екенін атап өту қажет. ӘКБТК-нің 455-бабы 1-бөлігіне сәйкес, заман тыйым салынған қызметті жарнамалау үшін ғана әкімшілік санкциялар қолданылады. Ол үшін айыппұл 60-тан 400 АЕК-ке дейінгі соманы құрайды. Небәрі 259,5 мың теңгеден басталады. Құмар онлайн-ойындарды жарнамалайтын тұлғалардың алатын пайдасы бұл шығынды артығымен өтейді. Бұл оларды заңсыз қызметті жалғастыруға ынталандырады, – дейді ҚМА мамандары.

Ведомство бұл істе қыздар да белсенді екеніне қынжыла назар аудартады. «Мәселен, Мариям Құлжабаева (@oomariko) интернет-казинода тіркелуге шақырған қарапайым стористерінің небәрі 350 мың теңгеге бағалаған. Оның құрбаны болған отбасылар миллиондаған қаржысынан айырылып жатыр! Зухра Хакиева, Диана Халметова, Әсем Аубақирова, Арина Байкова, Күмісай Айымбетова және басқа да блогерлердің аты белгілі. Онлайн-казиноның жарнамасы ойынға тәуелділікке бастайтын, қаншама отбасының түбіне жететін қасірет екенін біле тұра, осы тұлғалар адамдардың тағдырына немқұрайды қарап, шаңырақтардың күйреуіне себеп болып жатыр. Миллиондаған табысқа кенелген блогерлер айыппұл төлеп, заңсыз әрекетін қайта жалғастырып жүр», – дейді ҚМА.

Осыған байланысты агенттік бұдан былай мұндай әрекеттерді Қылмыстық кодекстің 28-бабының 5-тармағы аясында – заңсыз ойын бизнесіне «көмектесуші» ретінде қарастыруға ниетті. Сондай-ақ қаржы пирамидаларын жарнамалағандығыдай, онлайн-казино жарнамасы үшін де қылмыстық жауапкершілік енгізу бастамасы көтерілді.

КАЗИНО-ПРОМО ЖАСАУ –
БАСЫНА БӨЛЕ ТІЛЕУ

Масс-медиада, сондай-ақ онлайн-платформаларда, интернет жүйесінде орналастырылған өнімдердің қолданыстағы заңнама талаптарын бұзбауын, қайшы келмеуін анықтау тұрғысынан мониторинг жүргізу Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелген. Ведомство 2025 жыл қорытындысында әлеуметтік желіде электрондық казиноны және интернет-казиноның жарнамасын жүзеге асыратын 34 748 материалды әшкерелепті. Осыған орай уәкілетті орган 14 419 интернет-ресурс пен сілтемеге қол жеткізуді шектеу туралы 297 ұйғарым шығарды. Интернет-ресурстарға 44 құқыққа қайшы материалдардың бары жөнінде 28 ескерту хаты жіберілді.

Сонымен бірге 2025 жылы әлеуметтік желіде қаржылық пирамида қызметін ілгері бастыратын 13 518 материал анықталған екен. Уәкілетті орган 3 766 интернет-ресурс пен сілтемені бұғаттау туралы 87 ұйғарым шығарды. Интернет-ресурстарға 32 құқыққа қайшы материалдарға қатысты 4 ескерту хатын жолдады.

Осыған байланысты Қаржылық мониторинг агенттігі қылмыстық жауапкершілікті енгізу (қаржы пирамидасын жарнамалағаны үшін көзделген ҚР ҚК 217-1-бабына ұқсас) және заңсыз ойын бизнесі қызметін жарнамалағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті қатаңдату бойынша түзетулер әзірлеп, Әділет министрлігіне жолдады. Оларды талқылау Әділет министрлігі жанындағы жұмыс тобы аясында жалғасқан.

Нақтылағанда, агенттік біріншіден, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (ӘКБТК) арнайы норманы – 455-1-бапты енгізіп, жарнама үшін алынған табысты тегіс тәркілеуді, құқықбұзушылық қайталанса, сол табыстың 200%-ынан 400%-ына дейінгі мөлшерде айыппұл салуды ұсынды. Екіншіден, Қылмыстық кодекске «Заңсыз ойын бизнесін жарнамалау» деген жеке 307-1-бап енгізілуі мүмкін. Бұл іс-әрекеттер ірі мөлшерде табыс табумен (1000 АЕК), сондай-ақ ірі залал келтірумен (азаматтарға – 1000 АЕК, ұйымдарға, мемлекетке – 5000 АЕК) байланысты болса немесе ауыр зарлаптарға – өлімге, өзіне-өзі қол жұмсауға, басқасына әкеп соқса, қылмыстық жауапкершілік туындайды.

Үшіншіден, «адамдар тобымен жасау», «бірнеше рет жасау», «адамның өз қызметіне жағалай пайдалануы» сияқты қосымша саралау белгілерін, сондай-ақ аса ірі мөлшердегі табыспен (5 000 АЕК немесе биыл 21,6 миллион теңгеден астам) жасалған құқықбұзушылық үшін бөлек жауапкершілікті қарастыру ұсынылды. ҚМА ақпараты бойынша бұл бастамалар тұжырымдамалық тұрғыдан Президент Әкімшілігінің қолдауын тапты. Агенттікке Бас прокуратурамен, Әділет және Ішкі істер министрліктерімен бірлесіп, оларды пысықтау тапсырылды.

Қорыта айтқанда, ондаған миллиард жасырын табыстың әшкере болуы блогинг дәуіріндегі бейберекетсіздік пен басыздыққа нүкте қоюы мүмкін. Бұл сала заңнан ада еркін ойын алаңы емес, мемлекеттік бақылаудағы үлкен бизнеске айналмақ. Заң талабы қатал: әрбір тиын мен әрбір контент есептілікті қажет етеді. Алайда мәселе тек салықта емес, азаматтық жауапкершілікте. Үкімет пен Парламент онлайн-контентті, жарнама нарығын реттеуді күшейту арқылы инфлюенсерлер қызметін заң шеңберіне түсірмек. Демек, блогерлердің әрбір сөзі мен жарнамасы үшін жауапкершілік арқалайтын кезі келді. Себебі экранның арғы жағында оларға қалтқысыз сенетін миллиондаған жазылушының тағдыры мен сенімі тұр.

Елдос СЕНБАЙ

ИПОТЕКА НАРЫҒЫ «ҚАТАЙЫП» КЕЛЕДІ

Қазақстанда 1 шілдеден бастап ипотека беру талаптары өзгермек. Банкер енді несие алушыны бұрынғыдан да мұқият тексеріп, әр клиентке шартты жеке белгілейтін болады. Бұл өзгерістер қарапайым халықтың баспанаға қолжетімділігіне тікелей әсер етуі мүмкін.

А Көмила ДҮЙСЕН

Енді бұрынғыдай бәріне бірдей пайыз болмайды. Әр адамға қойылатын талап пен мөлшерлемесі оның табысына, бастапқы жарнасына, несиелік тарихына және жалпы қаржылық жағдайына байланысты есептеледі. Яғни, табысы тұрақты, қарызы аз азаматтар үшін ипотека шарттары жеңілдеу болса, керісінше жағдайда талап күшейеді.

Тағы бір маңызды өзгеріс – банкер тек ресми табысты ғана есепке алады. Зейнетақы аударымдарымен расталмаған кіріс енді ескерілмейді. Бұл әсіресе бейресми табысы бар азаматтар үшін ипотека алуы қиындауы мүмкін. Сонымен қатар қарыз жүктемесін бақылау талаптары да қатандауы мүмкін. Мәселен, бұған дейін банкер ай сайынғы төлемді ғана есепке алса, енді адамның жалпы қарызы да назарға алынады.

Сарапшылардың айтуынша, мұндай өзгерістер ипотеканы барлығына бірдей қолжетімді құралдан гөрі қаржылық мүмкіндігі дәлелденген адамдарға бағытталған өнімге айналдыруы ықтимал.

Осыған байланысты нарықтағы жалпы ахуал қалай өзгеретіні туралы пікір білдірген Qazaq Expert клубының құрылыс саласындағы сарапшысы Диляра Сейітнұрова алдағы кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштерге ғана емес, нарықтың ішкі

механизмдеріне де назар аудару қажет екенін айтады.

– Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығында 2026 жылдың шілдесі қарсаңында елеулі өзгерістер болмақ. Бұл үдерісті толық түсіну үшін тек макроэкономикалық көрсеткіштерге сүйену жеткіліксіз, нарықтың ішкі тетіктеріне де назар аудару қажет. Шілдеден бастап реттеуші жаңа талаптарды енгізеді: қарыз жүктемесіне шектеу күшейіп, жеңілдетілген ипотекалар бойынша бастапқы жарнаға қойылатын талаптар қатандайды. Соның салдарынан табысы ай сайынғы төлемді өрен жауып жүрген «шекті» санаттағы сатып алушылар үшін баспана алу қиындай түседі. Қысқа мерзімде әлеуетті қарыз алушылардың шамамен 15-20 пайызы нарықтан тыс қалуы мүмкін. Нәтижесінде, тұрғын үйге қол жеткізу күрделене түседі, алайда бұл шара ипотекалық «көпіршіктің» ұлғаюын тежеп, төлем қабілетсіздіктің өсуіне жол бермеуге бағытталған, – дейді сарапшы.

Сарапшының сөзінше, сұраныс құрылымы да өзгеруі ықтимал. Яғни, бұрын «комфорт» сегментіне қызығушылық танытқан сатып алушылар енді «стандарт» немесе «эконом» санатына қарай ойысуы мүмкін. Бұл нарықтағы теңгерімді қайта қалыптастырады. Сонымен қатар тұрғын үй бағасы да тұрақталуы мүмкін, яғни сарапшы күрт өзгерістер ықтималдығы төмен деген пікірде. Себебі құрылыс компаниялары шығынның жоғары болуына байланысты бағаны ашық түрде төмендетуге асықпайды.

– Құрылыс компаниялары бағаны түсіруге құлықсыз, себебі материалдар мен логистика қымбат. Сондықтан сұраныс азайған жағдайда нарық алдымен тоқырау кезеңіне өтеді. Ашық жеңілдіктердің орнына жасырын ұсыныстар көбейеді: тегін паркинг, 2-3 жылға пайызсыз бөліп төлеу немесе әрлеуді сыйлыққа беру сияқты. Құрылыс саласындағы инфляция мен білікті мамандардың тапшылығы өзіндік құнды төмендетпей ұстап тұр. Егер баға белгілі бір деңгейден төмен түссе, құрылыс тоқтауы мүмкін, ал бұл болашақта ұсыныстың азаюына және бағаның қайта өсуіне әкеледі. Болжам бойынша, қайталама нарықтағы баға 5-7 пайызға төмендеуі мүмкін, ал бастапқы нарықта, әсіресе сұранысы жоғары аудандарда, баға тек инфляция деңгейінде өседі, – дейді Диляра Сейітнұрова.

Инвестиция тұрғысынан да жағдай өзгеріп отыр. Бұрынғыдай «құрылыстың басында алып, тапсырылғанда қымбатқа сату» моделі өткіліктің жоғалтып келеді.

– Бұрын кең тараған «қазаншұңқырда сатып алып, пайдалануға берілгенде 40 пайызға қымбатқа сату» кезеңі аяқталды деуге болады. Қазір бұл ұзақмерзімді ойынға айналды. Инвестиция ретінде тек жалға беруге болатын нысандарды қарастыратын жөн, олардың табыстылығы жылына шамамен 8-10 пайыз болуы мүмкін. Ал қысқа мерзімде қайта сату тәуекелі жоғары, себебі өтімділік төмендеді. Ал өмір сүру үшін баспана алу бұл кезеңде керісінше тиімді бола түспек, себебі сұраныс азайғандықтан, сатып алушының мүмкіндігі артады, құрылыс компанияларымен саудаласуға, жақсы жоспарлау мен тиімді



нұсқаларды тандауға болады, – дейді сарапшы.

Сарапшы ипотека мен жалдамалы баспана арасындағы таңдауға да тоқталды. Оның айтуынша, бұл жерде бәрі адамның қаржылық мүмкіндігіне байланысты.

– Егер сізде бастапқы жарнаның 50 пайызы бар болса және болашағы бар ауданда пәтер тапсаңыз, ипотека тиімді – сіз активтің бағасын бекітіп қоясыз. Ал егер жинақ 20 пайыздан аз болса, өзирге жалдамалы пәтерде тұрып, қаражатты жоғары табысты құралдарға салған дұрыс. Қазір депозиттер мен облигациялар 14-15 пайызға дейін табыс әкеледі. Көп жағдайда жалдау ақысы нарықтық ипотека бойынша 18-20 пайыздық артық төлеммен арзанға түседі, – дейді Диляра Сейітнұрова.

Жалпы алғанда, сарапшылар нарық жаңа кезеңге аяқ басып отырғанын

айтады. Бұрынғыдай жеңіл ипотека дәуірі біртіндеп аяқталып, енді сапа мен есепке негізделген шешімдер алдыңғы орынға шықпақ.

– Нарық біртіндеп «есейіп» келеді. Алдағы жарты жылда басты назарды «соңғы мүмкіндікті жіберіп алмауға» емес, локацияны, жобаны сапасын және ұзақмерзімді әлеуетін дұрыс бағалауға аудару керек. Алдағы 5-10 жылда тұрғын үйді өтімділігіне әсер ететін негізгі факторлар – құрылыс сапасы мен энергия тиімділігі болады, – деп түйіндейді сарапшы.

Демек, жаңа ипотекалық талаптар бір жағынан нарықты тұрақтандыруға бағытталса, екінші жағынан сатып алушылар үшін талапты күшейтеді. Бұл өзгерістер алдағы айларда тұрғын үй нарығының бағытын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналуы мүмкін.



ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ ТАЗАЛЫҚ ТА БОЛАДЫ



Алматы облысында мамыр айының алғашқы үш күні тазалық мерекесіне айналды. Қазақстан халықтарының бірлігі күні мейрамындағы үш күн демалыста өңір халқы туған жер табиғатын қорғауға, өлке тазалығын сақтауға жұдырықтай жұмылды десек болады. Яғни, үш күн бойы өңірдегі барлық туристік нысандар, халық көп жиналатын орындар, саябақтар мен аулаларда жаппай сенбіліктер өтті.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев тұрғындар мен қонақтарды «Таза Қазақстан» акциясы аясында туған жер тазалығын сақтауға шақырды. Әсіресе, мереке күндері табиғат аясында демалатын саяхатшылардың тау-тас, өзен-көлдерді ластанмай, қоқысты белгіленген орындарға жинап кету секілді экологиялық мәдениетті білуінің маңызы зор. Осы орайда облыс әкімі:



«Біз тек сенбіліктермен шектелмей, қоршаған ортаны күтіп ұстауды күнделікті әдетке айналдыруымыз қажет», — деп, қазақ халқы үшін тазалық мәселесінің қаншалықты маңызды екеніне тоқталды.

— Қымбатты облыс тұрғындары! Халқымыз ежелден «тазалық» ұғымын жанын тазалығымен, ниеттің түзулігімен ұштастырып, оған ерекше мән берген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Таза Қазақстан» акциясы — бұл бірреттік науқан емес, ұлттымыздың болмысындағы асыл қасиеттерді жаңғыртатын бірегей бастама. Тазалық — өркениеттің айнасы. Біз тек сенбіліктермен шектелмей, қоршаған ортаны күтіп ұстауды күнделікті әдетке айналдыруымыз қажет. Әрбір тұрғын өз ауласына, әрбір ұжым өз мекемесіне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Әсіресе, облыстың барлық кәсіпкерлерінің бұл іске үлес қосуы — бизнестің қоғам алдындағы жауапкершілігінің айғағы. Нысандардың эстетикалық талаптарға сай болуы өлкеміздің ажарын аша түсері сөзсіз. Біздің ортақ мақсатымыз — «Заң мен тәртіп» қағидаты орныққан қауіпсіз қоғам құру. Өйткені тәртіп бар жерде тазалық та, береке де болады. Отанға қызмет ету осындай қарапайым, бірақ маңызды істерден басталады. Баршаныңды осы игі бастамаға атсалысып, өңірімізді жауапкершілік пен жасампаздықтың аймағына айналдыруға шақырамын! — деді өңір басшысы әлеуметтік желідегі жеке парақшасында.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған шараға Ұлттық парк қызметкерлері, орманшылар, қорықшылар, қоғам белсенділері, еріктілер, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйым өкілдері мен тұрғындары түгел атсалысты.

39 мыңға жуық өңір тұрғыны қатысып, туристік бағыттардағы демалыс орындарынан 760 тоннадан астам қоқыс жиналды.

Өңір басшысы Марат Сұлтанғазиев Қаскелең шатқалында өткен сенбілік барысында үш күн бойы тазалық жұмыстарына белсенді қатысқан азаматтарға алғысын білдірді.

Қорытынды шарада акцияға ерекше үлес қосқан азаматтар мен ұйымдар түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Атап айтқанда, Жамбыл ауданының тумысы Асылым Көшербай — «Ең белсенді жас қатысушы», Алатау қаласының тұрғыны Риза Сауырбаева — «Ең белсенді егде жастағы қатысушы», Қарасай ауданындағы GOGO CENTRAL ASIA бірлестігінің директоры Александр Орланов «Ең белсенді эковолонтер»



атанды. Балқаш ауданының тұрғыны Бақытжан Хамзин «Ең таза аула» номинациясын иеленді.

Сонымен қатар Еңбекшіқазақ ауданындағы Ават ауылы «Ең белсенді ауыл», Райымбек ауданы Қайнар ауылындағы Райымбек батыр көшесі «Ең таза көше», Ұйғыр ауданындағы «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі «Ең белсенді ұжым» болып танылды. Іле ауданы «Ең белсенді аудан» атанса, Қонаев қаласындағы «Көшпенділер қалашығы» «Ең таза туристік нысан», ал Кеген ауданындағы MERGEN HOLDING ЖШС «Ең белсенді бизнес өкілі» ретінде марапатқа ие болды.

Облыс әкімі аспан мен жер астасқан, қарағайлы алқапқа оранған Қаскелең шатқалы — өңір тұрғындары мен қонақтары жиі келетін көрікті мекендердің бірі, осындай табиғи аймақтардың тазалығын сақтау — бүгінгі акцияның басты мақсаттарының бірі деп атап өтті. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы тек сенбілікке шығу емес. Бұл — адам жан дүниесінің, ақыл-ойының да тазаруы. Мұндай шаралар күнделікті өмірімізге еніп, әдетімізге айналуы керек. Осыған орай үш күндік демалыста «Тазалық күндерін» жариялаған едік. Әсіресе туристік нысандардың тазалығы басты назарда болды. Бұл жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастырамыз», — деді Марат Сұлтанғазиев.

Сенбілік облыстың туристік әлеуеті жоғары аймақтарын қамтыды. Атап айтқанда, Көлсай және Қайыңды көлдері, Шарын шатқалы, Түрген шатқалы, Есік көлі, Қапшағай су қоймасы, Балқаш көлінің жағалауы, Күрті аумағы, Қаскелең шатқалы және өзге де танымал бағыттарда санитарлық тазарту, қоқыс шығару, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Мәселен, Қарасай ауданында — 140 тонна, Кеген ауданында — 113 тонна, Ұйғыр ауданында — 28 тоннаға жуық, Іле ауданында — 82 тонна, Алатау қаласында — 71 тонна, Еңбекшіқазақ ауданында — 173 тонна, Балқаш ауданында — 21,5 тонна, Райымбек ауданында — 20 тонна, Қонаев қаласында шамамен — 22 тонна, Талғар ауданында — 58 тонна, Жамбыл ауданында 36 тонна қоқыс шығарылды.

Акцияға жүзделген арнайы техника жұмылдырылды, нәтижесінде туристік бағыттар мен елді мекендерде санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары кешенді түрде жүргізілді. Сондай-ақ, 13 мыңнан астам ағаш көшеті отырғызылды.

«Тазалық күндері» акциясы өңірдің экологиялық жағдайын жақсартумен қатар, тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға және туристік аймақтардың тартымдылығын сақтауға бағытталды.

ТІРКЕЛ ДЕСЕ, ІРКІЛМЕ!

Төрт түлікті тіркеу барынша қадағалана бастады. Өйткені мал төлдегенде тіркемей, селсоқ қарасаңыз, қаржылай қолдау да, дәрі-дәрмек те таппай, қиналып қаларыңыз анық. Сол үшін де мұндай олқылықтарға жол бермеу маңызды.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Жуырда Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Үкімет үйінде өткен брифингте малды тіркеу талаптарына қатысты бірқатар өзгерісті жария етті. Министрдің айтуынша, ендігі жерде малына ен тапқанға айыппұл күшейді. Сонымен қатар құжатсыз мал сатып, делдалдықпен айналысқан адамдар да қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

— Мал туды да, 7 күннен кейін бірқасын құлағына ілу керек. Егер мал тіркелмесе, 30 мың теңге көлемінде айыппұл көзделген. Осы жұмыстарды жүргізе бастаймыз. Ал қағаз құжатсыз, ветеринариялық анықтамасыз малды сатып алып, базарға апарып сататын делдалдар бар. Ондайларға «қылмыстық жауапкершілік» қарастырып отырмыз, — деген болатын Ауыл шаруашылығы министрі.

Бұл үдеріс «Мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарына арналған кешенді жоспары» шеңберінде де жүзеге аспақшы. Малды тіркеуді оңтайландыру тетігі де жасалыпты. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелері үшін «Төрт түлік» қосымшасы арқылы малды тіркеу мен түгендеу ісі жүзеге аспақ. Қосымша арқылы жануарларды есепке қою, сатып алу-сату, сырғасын ауыстыру, төлқұжат алу және союдан кейін есептен шығару онлайн жүргізіледі. Сонымен бірге вакцинация туралы ескертулер мен салалық жаңалықтар қолжетімді екен. Бұл да өз кезегінде, малды есепке қою мен тіркеуден шығаруға жасалған ыңғайлы жол сияқты.

Мал шаруашылығы департаменті директоры Бағлан Аймұрзаев малды тіркеудің жай-жапсарын түсіндіріп берді.

— Егер малға вакцинация алмайтын болса, заңды тұрғыда тіркемесе, жауапкершілік қарастырылған. Малдың иесі дәрілетуге, тіркеуге өзі ұмтылуға тиіс. Ветеринар сонынан жүгіріп жүрмеуі керек. Ауру малдың еті нарыққа шығып кетпес үшін, мал тіркеусіз қалмас үшін заңнамалық жағынан бәрін пысықтап отырмыз, — дейді департамент басшысы.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ӘРКІМНІҢ ӨЗІНДЕ

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, елде жыл басында ірі қара мал басы 8,2 млн-ға жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім 2,4%-ды құрады. Қой мен ешкі саны 20,6 млн бас (+1,6%), жылқы — 4,6 млн бас (+5,6%), түйе — 294 мың бас (+4,8%) тіркелген. Ал ресми тіркеуге тұрудан бөлек жеке секторда тіркелмеген мал басы бұдан да көп көрінеді. «Қазақтың ақбас тұқымының республикалық палатасының» мүшесі Қуаныш Серғазыұлы төрт түлікті тіркемеу — әр шаруа адамының ар-ұятына тікелей байланысты екенін, малды тіркемейтіндердің де көп екенін айтады. Мұндай салғырттық мал шаруашылығының дамуына үлкен тусуа болады деп санайды.

— Малды тіркеу үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалды. Дәлірек айтқанда, идентификациялық бирка, чип қойылады. Малды уақытында тіркей алмайтын себептері де бар. Мәселен, мал дәрігері шалғай елді мекендерді аралап жүрем дегенше біраз уақыт өтеді. Өйткені бір ауылда ветеринар ұқыпты істесе, екінші қасындағы ветеринар өз ісіне салғырт қарауы мүмкін. Одан кейін тіркеген күннің өзінде төл қыста суыққа тонып, жазда ыстыққа күйіп шығып болып жатады. Осындай жағдайдың бәрін бірізділендіріп отыру қажет, — деді ол.

ЖАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Малды жалған құжат жасап, жоқ төлді тіркегені үшін әзірге екі заң аясында жауапкершілік қаралады. Нақтырақ айтқанда, Қылмыстық кодекстің 190-бабы алаяқтық тармағы, ал жалған құжат жасау бойынша 385-баппен қаралады. Тіпті, қылмысы дәлелденсе, 3-7 жыл бас бостандығынан айырып, мүлкін тәркілеу көзделіп қойған. Сол себепті осы бағытта арнайы заң қағидаларын қатаңдау қажет екені сезіледі.

2023-2026 жылдар аралығында Қаржы мониторинг агенттігі деректеріне зер салсақ, Қарағанды облысында жалған құжат жасап, жоқ малды тіркеп, 253 млн теңге субсидияны заңсыз алу фактісі анықталған. Былтыр Солтүстік Қазақстан облысында кооператив басшысы 50 млн теңгеге жалған есеп жасап, малдың санын көбейтіп көрсетіп, ақырында қымсыз әрекеті әшкере болған. Осыған ұқсас жағдай биыл да туындап, құжат жүзінде жоқ малды тіркеп, жалған бухгалтерлік құжатпен 2,5 млрд теңгені қолды еткен



Бұл үдеріс «Мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарына арналған кешенді жоспары» шеңберінде де жүзеге аспақшы. Малды тіркеуді оңтайландыру тетігі де жасалыпты. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелері үшін «Төрт түлік» қосымшасы арқылы малды тіркеу мен түгендеу ісі жүзеге аспақ.

ұйымдасқан топ құрықталып, 30 адам жазаға тартылды. Бұл бізге белгілісі ғана, ал анықталмағаны әлі қаншама?

Абай облысы «Кәсіподақтар орталығы төрағасы» Қуаныш Сүлейменов — ұзақ жылдан бері мал шаруашылығы саласымен айналысып келе жатқан білікті маман. Ол өз тәжірибесіне сүйеніп, малды тіркемеу мемлекетке де шығын, жеке фермердің өзіне де зиян деп пайымдайды. Себебі малдың төлі тіркелмесе, вакцина, субсидия сияқты қолдаулардан қағылып, салада түрлі жетіспеушілік туындайды екен.

— Кей фермерлер малдың санын көбейтіп, төлін уақытында тіркемейді. Малдың бәрін дер кезінде тіркеп, базаға енгізудің артықшылығы бар. Егер мал тіркелсе, сол өңірге, ауданға, ауылға қанша вакцина, қаржылай көмек керек екені анықталады. Мысалы, көктемде 1 мың бас қой тіркелмесе, күзде 1 мың бас екеп жетпей қалады деген сөз. Соның салдарынан олқылық кетіп, ауру-сырқау малдың санын көбейтіп, шаруашылық шығынға бата бастайды. Сондықтан 9 түрлі мал ауруына вакцина салу үшін, халыққа ет-сүт өнімдері сапалы жету мақсатында, әр фермер уақытында өзінің мемлекеттік қаржылай қолдауын алу мен субсидияға шынайы қол жеткізуі үшін малды тіркеу ләзім болып есептеледі, — дейді ол.

Токетері, малды тіркеу әр адамның өзінің жауапкершілігіне келіп тіреледі. Жалған құжаттың жарға жығатынын әлгідей фактілер дәлелден тұр. Ал қуырлы органдар «бармақ басты, көз қыстыға» жол бермейтіні белгілі. Сондықтан да бар малыңызды тіркеп, цифрлық мүмкіндікті емін-еркін пайдаланып, мемлекеттен берілетін екеп мен қаржылай көмекті алып, жайбаракат күн кешкеннен артығы жоқ-ау.

СЕРПІН

5 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Адамзатқа табиғи байлық берілгелі пайдаланумен келеді. Мемлекеттер құрылып, халық саны көбейген сайын табиғат қазынасының қоры азая бастағандай. Сондықтан әлемдік экономика тек ресурстарға емес, технологиялар мен икемді басқаруға ауысу керек. Ондай жүйеге әлдеқашан көшіп кеткен елдер бар. Ал Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ALATAU CITY жобасын қолға алуы жаңа қала салу ғана емес, еліміздің алдағы 50 жылдық даму стратегиясын айқындайтын геосаяси шешім деп қабылдау қажет. Қазақстан шикізаттан инновациялық-сервистік бағытқа өтеді. ALATAU CITY осы жолдағы сүйреуші күшке айналады деген үміттеміз. Кезінде «темір арба ат болады», «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алдырды, тастан сарай салдырды» деген сөздер сенімсіз көрінгенімен, ақиқатқа айналып, ұшатын көліктер де пайда болды.



ALATAU CITY – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАНИФЕСІ

Жақсы жобаны жақтау бүгінгі мүмкіндіктерді таңдау дер едім. Біз озық елдердің озық үлгісін алуымыз керек. Мемлекет басшысының бұл бастамасы – Қазақстанды жаңа технологиялық деңгейге жетелейтін «алтын көпір». Біз еркін, бай және бәсекеге қабылғанды болашақтың іргетасын қалап жатырмыз. Әлемдегі геосаяси ахуалдың онамай тұрғаны белгілі, алпауыт мемлекеттердің өзі тәлтіректен, небір керемет туристік орталықтар қауіпсіз аймақ ауанынан шығып кетті. Бастысы, елімізде тұрақтылық пен тыныштық бар. Қазір әлемдік деңгейдегі кәсіпкерлер, мультинационалдар кәсіпін дамытып, қаржысын сақтайтын қауіпсіз жер іздейді. Alatau City жобасы аясындағы заңнамалар әлемдік капитал іздеп жүрген тек салық жеңілдіктері емес, ең алдымен, активтердің қауіпсіздігі мен құпиялығын сақтау сұранысына сай келеді. Бұған «салықтан жалтару аймағы» емес, жоғары технологиялық сенімгерлік басқару орталығы ретінде қарағанымыз жөн.

Бүгінде еліміздің онтүстік өңіріндегі демографиялық және экономикалық ахуал түбегейлі жаңа шешімдерді талап етеді. Еліміздің ең ірі мегаполисі Алматы қаласы өзінің урбанистік мүмкіндіктерінің шегіне жетіп, ауа қабаттарының ласдануы, көлік кептелісі және тұрғын үй тапшылығы сынды күрделі мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Осы стратегиялық сын-қатерлерге жауап ретінде Президент бастамасымен қолға алынған Alatau City жобасы – инфрақұрылымдық құрылыс емес, елімізді әлеуметтік модернизациялаудың жаңа кезеңінің басталуы. Бұл жаңа мегаполис халықты децентрализациялау арқылы Алматының антропогендік жүктемесін азайтып, онтүстік өңірдегі әлеуметтік шиеленісті реттейді. Қаланың негізгі миссиясы – «адам капиталын» дамытуға арналған жайлы орта қалыптастыру, мұнда салынатын заманауи мектептер, инновациялық ауруханалар мен мәдени нысандар білім мен денсаулық сақтау саласындағы ең озық үлгілерді қамтамасыз етеді.

Қаланың архитектуралық және тұрғын-қоныс негізі «Ақылды және Жасыл» негіздеріне сүйенеді, бұл – Қазақстанның Париж келісімі аясындағы міндеттемелерін орындауға бағытталған маңызды қалам. Қала құрылысында энергия тиімділігі жоғары материалдар мен «нөлдік қалдық» технологиялар қолданылып, қоршаған ортаға тиетін зиян минималды деңгейге түсіріледі, экологиялық басымдық тек халықтың денсаулығын жақсартып қоймай, елімізге әлемдік «жасыл» инвестицияларды тартудың қуатты тетігіне айналады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, ақылды қала Алматы мен Қонаев қалаларын байланыстыратын стратегиялық хаб ретінде жаңа жұмыс орындарын ашып, жастардың кәсіби тұрғыда өсуіне жол ашады. Инновациялық басқару жүйесі енгізілген мегаполис цифрлық технологиялар мен экологиялық таза өмір сүру салты ұштасқан болашақтың моделі болмақ. Президент бастамасы Алматының демографиялық қысымын реттеп қана қоймай, Қазақстанның урбанистік саясатын жаңа сапалық деңгейге жеткізеді.

Alatau City – ұлттық әлеуетті арттыруға және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік маңызы бар ауқымды жоба. Жобаны қолдау – жалан ұранға немесе құрғақ есепке сүйенген шешім емес, тарихи тұрғыдан сыналған даму моделін саналы түрде таңдау. Әлемдік тәжірибеде мемлекеттер экономикалық серпіліске кездейсоқ жетпейді, олар оны алдын ала

жоспарланған урбанистік және индустриялық саясат арқылы қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, Сингапурдағы Jurong аймағы мен Қытайдағы Shenzhen қаласының даму жолы жаңа қала үшін нақты әрі дәлелді үлгі бола алады. Jurong аймағы өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін игерілмеген, батпақты аумақ ретінде қарастырылды, алайда Сингапур үкіметі дәл осы жерден елдің индустриялық негізін қалауға батыл шешім қабылдады. Мемлекет инфрақұрылымды алдын ала тартып, өндіріс орындарын жүйелі түрде орналастырып, шетелдік инвестиция үшін қолайлы жағдай жасады. Нәтижесінде, небәрі онжылдык ішінде Jurong жүздеген кәсіпорын шоғырланған қуатты өнеркәсіптік орталыққа айналды. Бұл тәжірибе бір нәрсені анық көрсетті: бастапқы табиғи немесе географиялық шектеулер шешуші фак-

жобасында криптовалюта, блокчейн технологиялары және төмен биіктіктегі әуекеністігін дрондар мен әуетаксилер пайдалану туралы новеллалардың жазылуы Alatau City әлемдік IT-алпауыттар үшін ең тартымды мекен етеді. Мұндай технологиялық ортада жұмыс істеу үшін мүлдем жаңа деңгейдегі мамандар қажет. Болашақта бұл қалада IT-сәулетшілер, блокчейн-инженерлер, жасыл энергетика мамандары, дрондарды басқару жүйесінің операторлары және халықаралық ағылшын құқығын меңгерген заңгерлер ең сұранысқа ие кәсіп иелері болмақ. Қазір жобаға күмәнмен қарау-

компаниялар өздерінің аймақтық кеңсесін осында тіркеп, транзакциялар жүргізе, әрбір операциядан мемлекеттік инфрақұрылым пайда көреді. Бұл – ел бюджетіне мұнайсыз-ақ келетін тұрақты валюталық түсім.

Қаламыздың жобасы тарихи тәжірибелердің қисынды жалғасы ретінде қарастырылуға тиіс. Оның басты артықшылығы Қазақстанның географиялық орналасуында жатыр. Ел – Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан, яғни Қытай, Орталық Азия және Еуропа бағыттарын байланыстыратын табиғи логистикалық торап. Бұған қоса, Алматы агломерациясының болуы – кадрлық, қаржылық және инфрақұрылымдық ресурстардың дайын екенінің айғағы. Осы факторлар қала жобасының бастапқы позициясын Jurong мен Shenzhen-ге қарағанда әлдеқайда тиімді ете түседі. Тағы бір маңызды аспект – уақыт факторы. Jurong индустрияландыру дәуірінде дамыды, Shenzhen өндірістік жаһандандудың шыңында қалыптасты, ал Alatau City цифрлық экономика мен инновациялар дәуірінде бой көтермек. Бұл дегеніміз, жоба тек өндіріс немесе логистикамен шектелмей, бірден қаржы, технология, цифрлық қызметтер және креативті индустриялар тоғысқан кешенді орталыққа айналу мүмкіндігіне ие.

Alatau City – елдің шикізаттық тәуелділіктен арылып, технологиялық транс-

ферт пен интеллектуал экспортқа бет бұруының айқын нышаны. Әлемдік тәжірибеге зер салсақ, мемлекеттің дамуын жеделдету үшін «Арнайы экономикалық аймақтар» мен «Жоспарланған қалаларды» салу – ең тиімді стратегияның бірі. Мәселен, Дубай халықаралық қаржы орталығы экономикасын мұнай мен дәстүрлі өндірістен бөлек арнаға бұрып, жаһандық капиталдың орталығына айналды. Alatau City де дәл осы үлгімен, заманауи экологиялық талаптар мен Малайзияның Лабуан аралы сияқты жобаларды ескере отырып, «көміртегісіз қала» ретінде бой көтермек. Алда ақылды



тор емес, бастысы – стратегиялық жоспарлау мен саяси ерік. Ал Shenzhen – бұдан да ауқымды әрі әсерлі жоба. 1980 жылы бұл аймақ шағын балықшылар ауылынан аспаған еді. Қытай білігі оны арнайы экономикалық аймақ ретінде жариялап, экономикалық еркіндік, салықтық жеңілдіктер және сыртқы инвестицияға ашық саясат енгізді. Соның нәтижесінде Shenzhen бірнеше онжылдықтың ішінде әлемдегі ең ірі мегаполистердің біріне, жоғары технологиялар мен инновациялардың жаһандық орталығына айналды. Бүгінде бұл қала тек өндірістік қуатымен ғана емес, цифрлық экономика мен технологиялық компаниялардың шоғырланған орталығы ретінде танылып отыр. Бұл – дұрыс таңдалған ұзақмерзімді саясаттың нақты жемісі.

Alatau City-дің пайдасы қала айналасындағы өңірлерге, әсіресе Қапшағай жағалауына тікелей әсер етеді. Қаланың төртінші аймағы – Туризм және ойын-сауық хабы Қапшағайдың әлеуетін 100% іске асырады. Мұнда люкс қонақүйлер, халықаралық конференциялар мен «байлық экономикасы» қалыптасады. Ақша ағыны бар жерде оған қызмет көрсететін 10 мыңдаған білікті маман – заңгерлер, аудиторлар мен IT-мамандар қажет. Олардың орташа жалақысы елдегі деңгейден 3-4 есе жоғары болып, сапалы орта таптың негізін құрайды. 2050 жылға қарай 1,1 млн жаңа жұмыс орнын құру жоспары – білімді жастарды өз елімізде қолдаудың нақты тетігі. Әйтпегенде, ғылым саласында жаңалық ашқан азаматтарымыз дамыған елдерде сұранысқа ие болып отыр. Әрине, ол үшін оларды кінәлай алмайсың. Қаланың ең маңызды қыры – оның цифрландыру деңгейі. Зан-

Alatau City Authority атты арнайы органның құрылуы және оны тікелей Премьер-Министрдің басқаруы – жобаның мемлекет үшін стратегиялық маңызы жоғары екенінің дәлелі. Мұндай модель бюрократиялық қағидат бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді. 2050 жылға дейін қалаға 50 миллиардтан аса доллар инвестиция тарту жоспарланған.

дың орнына, қаланың іргетасын қалайтын, оның ертенгі технологиялық келбетін қалыптастыратын маман болуға ұмтылған абзал. Қаланың құрылуына қатысты заңда даулы мәселелер халықаралық арбитраж деңгейінде шешіліп, шетелдік инвестор үшін «ойын ережесінің» әділ әрі тұрақты болуына, сонымен қатар 25 жылға дейін салықтық тұрақтылықтың сақталуына кепілдік беріледі. Қаланы басқару тікелей Үкімет деңгейіндегі арнайы органға жүктеледі, бұл жергілікті бюрократияны жояды деген сенімдемеміз. Әкімшілік кедергілер көп әрі салық саясаты қатаң болса, ондай жерде кәсіпкерлер тұрақтамайды. Көптеген елде кәсіптің дамуына қолайлы жағдай жасалғандықтан, дамуға қол жеткізіп жатыр. Alatau City ақшаны жасыратын жер емес, ақшаны басқаратын және қорғайтын орталық болмақ. Мәселен, Швейцария мен Люксембург тәжірибесінде әлемдік байлықты, яғни алтын, бағалы қағаздар, цифрлық активтерді қауіпсіз сақтау ең табысты бизнес екенін көрсетті. Егер ақылды қаламызда \$50 млрд актив жинақталса, банктер мен операторлар тек қызмет көрсеткені үшін жылына \$250-500 млн таза комиссия табады деген болжам бар. Халықаралық

қалада қоршаған ортаға зиянсыз өндіріс орындары шоғырланып, баламалы қуат көздеріне толық көшіп, энергия тұтыну мәдениеті қалыптасады. Қала Алматының экологиялық жүгін жеңілдетіп қоймай, Орталық Азияның жасыл технологиялар орталығына айналады. Қаланың заңнамалық негізі оның еркін тыныстауына жағдай жасайды. Ол еліміздің жалпы құқықтық кеністігінен алшақтамай, бірақ Сингапур мен Шэньчжэньнің сәтті тәжірибесіне сүйеніп, дербес басқару моделін иеленеді.

Alatau City Authority атты арнайы органның құрылуы және оны тікелей Премьер-Министрдің басқаруы – жобаның мемлекет үшін стратегиялық маңызы жоғары екенінің дәлелі. Мұндай модель бюрократиялық кедергілерді жойып, инвесторлармен «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді. 2050 жылға дейін қалаға 50 миллиардтан аса доллар инвестиция тарту жоспарланған. Бұл қаржыландыру қаланы Қытай мен Еуропа арасындағы логистикалық оффшорға айналдырып, еліміздің транзиттік әлеуетін еселеп арттырады. Мексиканың Канкуны немесе АҚШ-тың Лас-Вегасы өз штаттарының экономикасын қалай асырап отырса,

Alatau City де еліміздің сондай экономикалық драйверіне айналады.

Швейцария банктері ғасырлар бойы «сақтау және күзету» қызметі арқылы әлемдегі ең бай елге айналса, ақылды қаламыз да Орталық Азиядағы ең қауіпсіз «цифрлық және физикалық сейфке» айналуы кездейді. Заң жобасындағы ағылшын құқығы элементтері мен «салықтық тұрақтылық» бабы батыстық инвесторлар үшін түсінікті тілде сөйлеуді білдіреді. Дубай халықаралық қаржы орталығы бүгінде БАӘ экономикасына мұнайдан тыс табыстың 10%-дан астамын әкеліп отырғаны сияқты, Alatau City де еліміз үшін «тұрақты транзиттік табыс» көзіне айналады. Сингапур мен Гонконг арқылы өтетін триллиондаған долларлық транзакциялардан алынған шағын комиссиялардың өзі бұл елдердің бюджетін қалай толтырса, жаңа қала да Қазақстанның «мұнай дәуірінен» кейінгі негізгі табыс көзі болмақ. Қаржы хабынан түскен комиссиялар есебінен жаңа жолдар мен заманауи мектептер салынады. Alatau City – ұрпаққа қызмет етіп, ел бюджетіне мұнайсыз-ақ миллиардтаған дивиденд әкелетін болашақтың экономикалық бекінісі.

Alatau City жобасы – еліміздегі шикізатқа тәуелді елден жаһандық сауда мен қаржы ағындарын басқаратын білік деңгейге көтеретін локомотив. Бұл қала Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» стратегиясының ең тиімді нүктесінде орналасып, құрлықтық транзитте төңкеріс жасамақ. Егер Қытайдан Еуропаға теңіз жолымен тауар 45 күн жүрсе, Alatau арқылы өтетін теміржол мен автокөлік дәлізі бұл уақытты 10-15 күнге дейін қысқарта алады. Уақытты 3-4 есе үнемдеу – әлемдік саудадағы ең басты бәсекеестік артықшылық. Жүк айналымының әрбір тоннасынан түсетін транзиттік алымдар мен қоймалық қызметтер қаланың ЖІӨ-сіне қосымша 15-20% өсім беріп, еліміздің жаһандық саудадағы ролін түбегейлі өзгертеді.

Alatau ситидің экономикалық моделі Швейцария мен Люксембург сияқты әлемдегі ең бай елдердің табыс тетіктеріне негізделген. Швейцарияның бюджеті тек өндірістен емес, шетелдік капиталды «күзетіп, бағып-қағудан» құралатыны белгілі. Alatau сити халықаралық стандарттарға сай «цифрлық және физикалық сейф» инфрақұрылымын құру арқылы әлемдік инвесторлардың алынған валюталық резервтері мен цифрлық активтерін тартатын болады. Активтерді басқару үшін алынатын жылдық 0,1%-дан 0,5%-ға дейінгі комиссия – ешқандай табиғи ресурс жұмсамай-ақ табылатын таза интеллектуалдық пайда. Мысалы, Alatau ситиге тартылған \$20 млрд актив тек «жатқаны үшін» ғана ел банкітеріне жылына \$100 млн-ға дейін кепілдендірілген комиссиялық табыс әкеледі. Бұл – салық емес, жоғары технологиялық экспорттық қызмет. Люксембург мемлекеті инвестициялық қорлардың хабына айналу арқылы жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейін \$120,000-нан асырып, әлемдік көшбасшылыққа ие болды. Alatau City осы жолмен жүріп, халықаралық компаниялардың өңірлік бөлімшелерін тіркеп, әрбір SWIFT немесе блокчейн-транзакциясынан шағын комиссиялар жинау арқылы миллиардтаған теңгелік айналым тудыра алады.

Alatau ситидің әлеуметтік келбеті де жаңа стандарттарға негізделеді. Мұнда әлемдік ТОП-100 университеттердің филиалдары мен заманауи клиникалардың ашылуы қаланы білім мен медицина хабына айналдырады. 2050 жылға дейін мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында салынатын 10 трлн теңгеден астам инвестиция Қапшағай жағалауын қоса алғанда, бүкіл өңірдің инфрақұрылымын жаңартады. Туризм және ойын-сауық аймағының дамуы қызмет көрсету саласына қосымша дем береді.

Жобаға атсалысу, оның бір бөлігі атану – әрбір отандық маман үшін ұлттық маңызы бар жауапты іс. Қазір білім саласында көптеген оңды өзгеріс, жанаша реформалар жасалып, саннан сапаға көшуге бетбұрыс жасалып жатыр. Қазір келешек білікті мамандарды мектеп жасынан қалыптастыру үшін белгілі бір пәндерді тереңдетіп оқытуға мейлінше қажет. Жеті жүздей мамандықтың қысқарып, үш жүзден аса жаңа мамандықтардың пайда болуы – ел ішіндегі сұранысты қамтамасыз етуге бағытталған шаралар.

Ендігі кезекте Президенттің цифрландыру саясаты Alatau City Орталық Азиядағы алғашқы крипто-хабқа айналдырмақ. Жылжымайтын мүлікті немесе алтынды токенилеу арқылы капиталды жеделдетіп тарту – заманауи қаржы нарығының талабы. 2050 жылға дейін мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында салынатын 10 трлн теңгеден астам инвестиция Alatau City тек Қазақстанның емес, бүкіл Еуразияның интеллектуалды орталығына айналдырады. Сондықтан бұл жобаға күмәнмен қарап, қарсы келудің орнына, оның іргетасын қалайтын маман болуға бетбұрыс жасау – жарқын болашаққа жасалған қалам.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты

АЙМАҚ

5 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОДЕЛЬДІ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЖОБА

Түркістан облысында соңғы жылдары туризм мен экологияны қатар дамытуға бағытталған ірі жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Соның айқын дәлелі ретінде Кентау қаласына қарасты Хантау ауылында салынып жатқан заманауи демалыс аймағы мен облыс орталығында бой көтеріп жатқан ауқымды экопарк атауға болады. Бұл бастамалар өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып қана қоймай, халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған стратегиялық жобалар санатына жатады. Бұл – аймақтың жаңа экономикалық және экологиялық моделін қалыптастыруға бағытталған кешенді қадам.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

**ХАНТАУ –
ЖАҢА ТУРИСТІК НҮКТЕ**

Кентау өңіріндегі көркем табиғат аясында орналасқан Хантау ауылында бүгінде «Хантау» демалыс аймағының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ерекшелігі мұнда алғаш рет капсулалық форматтағы заманауи демалыс орындары салынууда. Бұл жоба туристерге жаңа форматтағы демалыс ұсынуға көздейді. Жалпы құны шамамен 1 миллиард теңгені құрайтын жоба іске қосылған жағдайда бір мезетте 200-ден

астам келушіні қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ай сайын 20 мыңға жуық туристке қызмет көрсету жоспарланған. Бұл өңір үшін айтарлықтай көрсеткіш.

Жоба тек демалыс орнын салумен шектелмейді. Инвесторлар инфрақұрылымды дамытуға да ерекше мән беріп отыр. Атап айтқанда, су үстінен көпір салынып, 6 шақырымға дейін электр желілері тартылған. Бұл тек туристер үшін емес, болашақта осы аумақта кәсіп бастаймын деген азаматтарға да жаңа мүмкіндік ашады. Осылайша, Хантаудағы демалыс аймағы Түркістан облысының туристік картасындағы жаңа нүктеге айналып, ішкі және сыртқы туризмді дамытуға серпін бермек.

ЭКОПАРК – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Ал облыс орталығында жүзеге асырылып жатқан «Түркістан» экопарк – экологиялық бағыттағы ірі жобалардың бірі. Қарашық өзенінің маңында 50 гектар аумақта орналасқан бұл парк Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы аясында қолға алынған. Жоба табиғи ландшафтты сақтай отырып, заманауи демалыс аймағын қалыптастыруды көздейді. Қазір аумақта ауқымды жұмыстар атқарылууда. Жерді тазалау, ағаштарды күтіп-баптау, өзен жағалауын ретке келтіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар жаяу жүргіншілер жолының алғашқы кезеңі пайдалануға берілген.

Инфрақұрылым да кезең-кезеңімен дамуда. Аумақ қоршалып, мыңдаған ағаш көшеті отырғызылған. Жалпы саны 10 мыңға жуық ағаш егу жоспарланып отыр. Оның ішінде өңір климатына бейімделген сан алуан

ағаш түрі бар. Болашақта экопарк аумағында жаяу серуендеу аймақтары, көпірлер, күн панельдерімен жұмыс істейтін жарық шамдары, балалар ойын алаңдары, барбекю аймақтары және шағын сәулеттік нысандар орналастырылатын болады. Барлық элемент экологиялық талаптарға сай жүзеге асырылууда.

Хантаудағы туристік жоба мен Түркістандағы экопарк мазмұны бөлек болғанымен, мақсаты ортақ бастамалар. Бірі экономиканы туризм арқылы дамытуға бағытталса, екіншісі экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып, халыққа қолайлы орта қалыптастыруды көздейді. Бұл жобалар жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің дамуына серпін береді. Ең бастысы, Түркістан өңірінің дамуы құрылыспен ғана емес, жүйелі жоспармен жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Бүгінде Түркістан облысы тек тарихи-рухани орталық ретінде емес, заманауи туризм мен экологиялық мәдениеттің жаңа үлгісін қалыптастырып жатқан аймаққа айналып келеді. Хантаудағы демалыс аймағы мен «Түркістан» экопарк осы бағыттағы нақты қадамдардың көрінісі. Алдағы жылдары мұндай жобалардың саны артып, өңірдің әлеуеті толық ашылады деген сенім бар.

ЖАҢҒЫРТУ БАТЫСҚА ЖАҢА ТЫНЫС БЕРДІ

Батыс Қазақстан облысында «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» республикалық жобасы аясында инженерлік инфрақұрылымды ауқымды жаңғырту жалғасуда. Бағдарламаны жүзеге асыру бүгінде облыс орталығын ғана емес, ондаған ауылдық елді мекенді қамти отырып, халықтың өмір сапасына айтарлықтай әсер етуде.

Биыл өңірде жалпы құны 16,5 млрд теңгелік 10 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде 2026 жылға 4,7 млрд теңгені игеру жоспарланған. Жобалар 113 шақырымнан астам электр желілерін және екі қосалқы стансаны қайта жаңғырту, жылу және су құбырларын жанару сынды негізгі бағыттарды қамтиды. Жалпы, облыс бойынша 509 шақырым электр желісі, 12,4 шақырым жылу және 5,6 шақырым су құбыры желілерін қайта жаңарту көзделген. Жобалар Орал қаласы мен 74 ауылдық қамтитынын айта кеткен жөн.

Негізгі нысандардың бірі – Орал қаласындағы ТМ-7 жылу магистралі. Бұл жерде 35 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан, 80%-дай тозған 1,8 шақырым құбыр ауыстырылууда. Жобаның құны – 2,6 млрд теңге. Жұмыс барысында заманауи технологиялар қолданылууда. Құбырлар оқшаулау жүйесімен және ылғалдылықты бақылау датчиктерімен жабдықталып жатыр.

Батыс Қазақстан облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бейімбет Мусин жаңғырту тек ағымдағы мәселелерді шешу емес, тұрақты жүйе қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті.

— Бүгін біз тек құбырларды ауыстырып қана қоймай, жүйенің жағдайын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін заманауи шешімдерді енгізудеміз. Жұмыстар белгіленген уақыттан бұрын жүргізілуіне және жылыту маусымы басталғанға дейін аяқталуына қамтамасыз етіледі. Бұл – үлкен жүйелі жұмыстың алғашқы кезеңі ғана. Біздің міндетіміз – желкеленген жөндеулерден бүкіл инфрақұрылымды кешенді жаңғыртуға көшу, — деді ол.

Өңірде сонымен қатар жылумен қамту нысандарын жаңарту жүргізілуде. Атап айтқанда, Круглоозерное кентінде және санитарлық мектеп аумағында ескірген қазандықтар автоматтандырылған басқару жүйесі бар заманауи модульдік қондырғыларға ауыстырылды.



— Ескі қазандықтар әлдеқашан өз ресурсын сарқып бітті. Біз апаттармен, ағып кетулермен, газ бен электр энергиясының артық жұмсалыуымен бетпе-бет келдік. Жаңа қазандықтар автоматты режимде жұмыс істейді және ауа температурасына байланысты параметрлерді реттейді. Бұл шығындарды айтарлықтай азайтып, жылумен қамтудың сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Өткен жылыту маусымының өзінде он нәтиже көрдік. Апат саны азайды, жылу беру тұрақтылығы артты. Алдағы уақытта осы үлгі бойынша жаңғыртуды жалғастыруды жоспарлап отырмыз, — деді «Жайықжылуэнерго» АҚ бас директорының орынбасары Бекболат Камешов.

Су бұру жүйесінде де елеулі өзгерістер болуда. Заңағанск кентінде құны 1,8 млрд теңге болатын №29 канализациялық-сорғы стансасын қайта жаңғырту жобасы жүзеге асырылууда. Жұмыстар аяқталғаннан кейін 50 мың тұрғын мен 39 әлеуметтік нысан тұрақты су бұру қызметімен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ жаңа абоненттерді қосу мүмкіндігі пайда болады.

Өңірде ұлттық жобаны іске асыру барысы республикалық деңгейде он бағаланды. Премьер-Министр орынбасарының кеңесшісі Мираз Зеріпбаев облыстың алғашқылардың бірі болып бастама көтергенін атап өтті.

— Батыс Қазақстан облысы ұлттық бағдарлама аясында пилоттық жобалардың бастамашысы болды. Бұл – өңірдің жүйелі мәселелерді шешуіне белсенді түрде қатыса алатынының үлгісі. Бүгінде мұнда жылу, электр энергиясы, сумен қамту және су бұру бағыттарын қамтитын жобалар жүзеге асырылууда. Мұндай кешенді тәсіл ең жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.



Аида ҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

АШЫҚ ПОЛИЦИЯ КҮНІ

Заңды білу, заңды құрметтеу – бала жастан үйретілетін алғышарт. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» қағидаты да осы жауапкершілікті ұғынуға үндейді. Заң бар жерде қауіпсіздік, қауіпсіздік бар жерде сенім бар. Қарағанды облысында өткен жастарға арналған «Ашық полиция» осы мақсатты көздейді.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қарағанды облысының прокуратурасы мен Қарағанды қаласына қарасты Қазыбек би ауданы прокуратурасы ұйымдастырған іс-шараға Ж.Буменов атындағы Қарағанды банк колледжінің студенттері мен қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары қатысты. Олар Қарағанды қалалық Полиция басқармасының жұмысымен танысып, құқық қорғау жүйесінің күнделікті қызметін өзбен көрді.

— Жасөспірім шақ – адамның мінезі қалыптасып, қоршаған ортаға көзқарасы орнығатын кезең. Дәл осы уақытта құқық пен жауапкершілік, еркіндік пен тәртіп, тандау мен салдар туралы ашық әңгіме жүргізу аса маңызды. Осы іс-шарамыздың да негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықбұзушылықтың алдын алу және полиция қызметіне деген сенімді нығайту. Бір қарағанда, полиция ғимаратын аралату, қызмет кабинеттерін көрсету, мамандармен кездестіру секілді қарапайым таныстыру болып көрінді мүмкін. Дегенмен оның астарында әлдеқайда салмақты мақсат жатыр, — деді Қазыбек би ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Гүлсара Керімжанова.

Гүлсара Серікқызының айтуынша, құқықтық мәдениет тек заң бастарын жаттаумен қалыптаспайды. Жас адам заңның қалай жұмыс істейтінін, полицияның қандай жағдайда әрекет ететінін, құқықбұзушылықтың қандай жауапкершілікке әкелетінін нақты көргенде ғана оның бойында ішкі тежеу, азаматтық жауапкершілік пайда болады.

«Ашық полицияға» келген жастар Қарағанды қаласының Полиция басқармасының жұмысымен танысты. Қаладағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік жұмыстарын үйлестіретін орталықта қатысушылар ішкі істер органдарының күнделікті қызметімен танысып, полиция жұмысының сырт көзге көріне бермейтін қырларын көрді.

Келгендер желел басқару орталығын көрді. Мұнда 102 операторлар тұрғындардан түскен қоңырауларды қабылдайды. Хабарламалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тіркеледі.

— Бір қарағанда, оператордың жұмысы тек телефон тұтқасын көтерумен шектелетіндей көрінуі мүмкін. Бірақ шұғыл хабар түскен сәттен бастап бірнеше қызмет бір мезетте қозғалысқа келеді. Мысалы, тұрғын ұрлық немесе құқықбұзушылық туралы хабар берсе, оператор ақпаратты тіркейді. Сол уақытта бейнебақылау инспекторлары оқиға болған аумақтағы камераларды тексереді. Навигаторлар GPS арқылы сол маңда жүрген патрульдік экипаждарды анықтайды. Ал күштік құрылымдарды басқару тобы жақын маңдағы нарядты оқиға орнына бағыттайды, — дейді желел басқару орталығы бастығының міндетін атқарушы Асанәлі Әкімов.

Қожа Ахмет Ясауи университетінің 2026 жылдың 25 сәуірдегі №46(4732) санды AIQYN газетіне және Университеттің <http://ayu.edu.kz> сайтына шыққан «Университеттің №1,2, №1 оқу ғимараттары және клиника, кітапхана, №1 оқу ғимараты бас кіреберісі, №2 оқу корпусы бас кіреберісі бөліктерін жарықтандыру және жарықшамдарды монтаждау бойынша жұмыстарды сатып алу», «№2 оқу корпусы ғимаратының алдығы және қапталы қасбетін жөндеу жұмыстарын сатып алу» хабарландырулары Тапсырыс берушінің шешімімен тоқтатылсын.

Желел басқару орталығында қаладағы хал-ахуал үлкен экрандар арқылы қадағаланады. Бейнебақылау инспекторлары көшелердегі, қоғамдық орындардағы, білім беру мекемелері маңындағы ахуалды ұдайы бақылап отырады. Мұның бәрі құқықбұзушылықтың алдын алуға, оқиға болған жағдайда дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді.

Асанәлі Әкімов жастарға «Қорғау» бағдарламасының жұмысын да түсіндірді. Бұл жүйе іздеудегі немесе ұрланған көліктерді, сондай-ақ жол қозғалысы ережесін бұзған автокөліктерді әп сәтте анықтауға көмектеседі.

— Бұл жерде тағы бір маңызды мәселе бар. Полицияның әр әрекеті заң аясында жүзеге асады. Қызметкерлер азаматты біреудің ауызша сөзімен немесе негізсіз күдікпен ұстай алмайды. Кез келген іс-қимыл ресми тіркелген дерекке, артық, нақты ақпаратқа және заң талаптарына сүйенеді, — деді Асанәлі Әкімов.

Желел басқару орталығынан кейін қатысушылар криминалдық мамандардың жұмысымен танысты. Бұл бөлім жастар үшін ерекше әсерлі болды деуге болады. Өйткені көпшілік қылмысты ашу жұмысын көбіне кинодағы көріністер арқылы елестетеді. Ал шынайы өмірде оның әр қадамы нақты айғаққа, мұқият рәсімге және заң талабына сүйенеді.

Желел-криминалистика бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі Денис Сафонов қатысушыларға қылмыстық есепке алу кабинетінің жұмысын түсіндірді. Мұнда заңда белгіленген тәртіппен күдікті ретінде ұсталған тұлғалардың саясат ізі алынып, фотодеректері рәсімделеді, қажет болған жағдайда биологиялық үлгілер жиналады. Мұның бәрі болашақта қылмысты желел ашуға, оқиға орнында қалған із арқылы тұлғаны анықтауға және тергеудің сапалы жүргізілуіне мүмкіндік береді.

Денис Сафонов жастарға дактилоскопиялық құралдардың қалай қолданылатынын да көрсетті. Саусақ ізін алу, оны арнайы базаға енгізу, кейін сол із арқылы сәйкестендіру жүргізу – криминалистік жұмыстың негізгі кезеңдерінің бірі. Сонымен қатар қатысушыларға фотодерек рәсімдеу, бейнебақылау жазбаларын талдау, қажет жағдайда ДНҚ үлгілерін жинау тәртібі туралы да ақпарат берілді.

Келесі нүкте – уақытша ұстау

Кизолаторы мен қабылдау-бөлу пункті. Бұл нысандардың әрқайсысы құқық қорғау жүйесінде өзіндік орны бар режимдік мекемелер. Сондықтан мұндағы түсіндіру жұмыстары белгіленген тәртіп аясында жүргізіледі.

— Бұл жерде ең маңыздысы – шараның қорқытуға емес, сақтандыруға құрылуы. Прокуратураның бастамасы да осыған саяды. Жасөспірім заңды бұзбай тұрып, оның салдарын білсін. Қателік жасамай тұрып, жауапкершілікті сезінсін. Құқық қорғау органдарын тек жазалаушы құрылым емес, қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ашық жүйе ретінде танысын, — деді Гүлсара Серікқызы.

5 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Енді қазақ анимациясында жаңа форматта түсірілген мультфильм бар. Ол – «Түркістан сақшылары» деп аталатын туынды. Бұл жай ғана мультфильм емес, өскелең ұрпаққа ұлттық болмысты цифрлық дәуірмен сабақтастырған, өскелең ұрпақтың санасына сәуле түсіретін заманауи жоба. Жаңа анимациялық өнімнің өзегі – тәрбие, таным және технология. «Түркістан сақшылары» балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, тарихи сананы жаңғырту, сонымен қатар жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды көздейді. Тың туындыны әзірлеу барысында авторлар ChatGPT, RunwayML, Kling AI, Hydra AI, ElevenLabs секілді заманауи ЖИ құралдарын пайдаланып, нәтижесінде толыққанды 3D форматтағы, мазмұны терең, көркемдік шешімі айқын мультфильм ұсынды.



Түркістан сақшылары: жаңа әлем – жаңа жанр

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Мультфильмнің сюжеті Түркістан өңірін қасаң ойдан, теріс әрекеттен қорғау идеясына құрылған. Әрі киелі мекеннің көрікті жерлерін аралап, бүлдіршіндерге туристік әлеуетін таныстырады. Ал кейіпкерлер ше? Ақпантер – барыс, Алтынқанат – қыран, Тасбатыр ата – ғасыр жасаған данагөй тасбақа. Мұндай кейіпкерлер тектен-текке таңдалмаған. Олардың қазақтың таным-түсінігінен, дүниетанымында бұрыннан бар екені белгілі. Жоба авторы, IT маманы Ғасыр Құралбайұлының айтуынша, Барыс пен Қыран еліміздің «Қызыл кітабына» енген, ерекше қастерлейтін жануар, құсымыз. Сондай-ақ Туымызда бейнеленген қыранды насихаттауды да назарға ілген. Алдағы уақытта жобаның тағы 10 сериясы жарыққа шығады. Онда Түркістан өңірінің өмірімен тығыз байланысты кейіпкерлермен толығады.

Ғасыр Құралбайұлы бұл бастаманы шығармашылық қадамнан бастап, тұтас бір саланың көкжиегін кеңейтетін жаңа мүмкіндік деп бағалайды. Расында да, бұрын «инемен құдық қазандай» еңбекпен жасалатын анимация енді жаңа технологияның арқасында жеңілдей түсті. Қыруар қаржы мен уақытты талап ететін процесс енді әлдеқайда икемді әрі қолжетімді бола бастады. ЖИ-дің жетілдірілген нұсқасын кәдеге жаратқан жоба авторлары бастаманы жүзеге асыруға түрткі болған ой мен жасанды зерденің қазақ тілін қаншалықты меңгергенін тарқата айтты. Шығармашылық топ бұл мультфильмді жасауға бас-аяғы 10 күнін арнаған. Анимацияның саундтрегін ақын Құрал Көмек жазса, кейіпкерлерді Түркістан театрының актерлері дыбыстаған. Автордың айтуынша, ЖИ арқылы мультфильм жасау отандық контентке де серпіліс береді. Ол үшін жасанды зерде қазақтың төл әріптерін жиі қолданып, оны меңгеруіне жұмыла кіріскен жөн.

«Болашақта кинотеатрлардан тек жасанды интеллект көмегімен жасалған мультфильмдер мен фильмдерді көретін күн алыс емес деген пікірді ғалымдар жиі айтағын. Бұрын мұндай ой маған тосын, тіпті сәл қиялға ұқсап көрінетін. Сөйтіп, Қазақстанда қазақ тілінде алғаш рет

зашыға қосу да жоспарда бар. Бұл бір жағынан автор үшін табыс көзі болса, екінші жағынан көрермен үшін сапалы, мазмұнды контенттің үздіксіз ұсынылуына жол ашады», – делі ол.

Мемлекет басшысының: «Біз еңбеккер, білімді, отаншыл әрі заманауи технологияларды меңгерген ұрпақ тәрбиелеуіміз керек», – деген сөзі дәл осындай жобалардың мәнін айқындай түседі. Биыл елімізде жарияланған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы – осындай бастамаларға серпін берген тарихи кезең. Осы бағытта түсірілген «Түркістан сақшылары» мультфильмінің жалпы ұзақтығы – 50 минут. Бұл туынды тек көңіл көтеру құралы емес, тәрбиелік, танымдық, идеологиялық мәні бар өнім. Онда балаларға туған жерді сүйу, тарихи мұраны құрметтеу, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау сияқты құндылықтар көркем тілмен жеткізіледі. Сонымен қатар жоба «Заң және тәртіп» қағидадарын ілгерілету аясында жүзеге асырылып, жас буынның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Бір қызығы, бұл жоба көрерменге жол тартпай тұрып-ақ психолог мамандардың сараптамасынан өткен. Олар туындының мазмұнын әр жас ерекшелігіне сай жіті талдап, кейіпкерлердің әрекеті мен оқиға желісіне жан-жақты баға берді. Сараптама нәтижесінде мультфильмді 9 жастан бастап көруге болатындығы анықталды. Сонымен қатар ата-аналарға балаларына қандай мазмұндағы контент ұсынған жөн екені туралы нақты ұсынымдар берілді. Психологтардың оң қорытындысы анимацияның балалар үшін қауіпсіз екенін ғана емес, оның тәрбиелік әлеуетінің жоғары екенін де айқындап берді. Жоба жас көрерменнің жас ерекшелігін ескере отырып, тарихи сананы дәріптеуге бағытталған. Осы ретте Психологиялық

сараптан өткен, жас ұрпақтың дүниетанымына оң ықпал етуді көздеген сапалы туынды. Оның өзегінде ұлттық рухты бекемдеу идеясы жатыр. Мультфильм желісі арқылы жас көрерменге көзге көрінбейтін, бірақ қазіргі қоғамда өмір үшін аса маңызды ұғымдар: табиғатты аялау, қоғамдық тәртіпті сақтау, жеке жауапкершілік секілді құндылықтар бейнелі тәсілмен жеткізіледі. Цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірі адамзат өміріне тың өзгерістер әкелген кезеңде дүниеге келген бұл жоба – уақыт сұранысына берілген лайықты жауап. Заманауи технологияның мүмкіндігі мен ұлттық мазмұнның үйлесуі балаларға арналған контенттің жаңа сапалық деңгейін айқындайды.

«Түркістан сақшылары» жарық көргелі бері жасөспірімдер арасында жасанды интеллект арқылы мультфильм жасауға деген қызығушылықтың айтарлықтай артақаны байқалады. Әлеуметтік желідегі пікірлердің өзінен-ақ жаңа буынның технология мен шығармашылықты ұштастыруға деген ынтасы сезіледі. Жоба авторы Ғасыр Құралбайұлы осы бағытта ізденгісі келетін жастарға тек технологиямен шектеліп қалмай, идеялық тереңдікке мән беруге кеңес береді. Оның пікірінше, сапалы туынды жасау үшін әлемдік және отандық үздік мультфильмдерді көріп, олардың көркемдік шешімі мен мазмұнын саралай білу аса маңызды. Өйткені нағыз шығармашылық көргенді көңілге тоқып, жанаша ой түзе білуде жатыр. Ал Қазақстанда жасанды интеллект көмегімен дүниеге келген тұңғыш мультфильмнің авторы бұл жетістіктен шектеліп қалмақ емес. Ол алдағы уақытта да балалардың бойына өр рух, ұлттық мінез, қазақы тәлім-тәрбие сіңіретін жаңа жобаларды жүзеге асыруды көздеп отыр. Айта кетерлігі, бүгін аталған туындының жалғасы «Түркістанға төнген қаражелен» атты екінші сериясы көрерменге жол тартады.

– Бұл жоба арқылы біз балаларға астарында тәрбиелік мәні бар анимациялық месседждер ұсынғымыз келеді. Қаланың тазалығын сақтау, лудомания секілді зиянды әдеттерден аулақ болу, адал жолмен жүру – мұның бәрі кейіпкерлер әрекеті арқылы табиғи түрде жеткізіледі. Сонымен қатар Түркістанның туристік әлеуетін де кеңінен танытуды көздейміз: Созақтың күйлері, Қазығұрттың асқақ таулары, Мақтааралдың шырайлы өңірі – бәрі де көркем бейнемен көрерменге жол табады. Кен-байтақ даламыздың көрікті мекендерін көрсетіп, сол арқылы тарихымызды сөйлеткіміз келеді. Ал болашаққа келсек, қыруар қаржы мен айлар бойғы еңбекті қажет ететін дәстүрлі анимация кезеңі біртіндеп артта қалуы мүмкін. Жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы кейіпкерлерді кез келген уақытта өзгертіп, жаңа бейнелерді жедел жасауға жол ашылады. Бұл – шығармашылық еркіндік пен уақыт үнемдеудің жаңа дәуірі, – делі ол.

Бұл жоба бұған дейін телехикая форматында жарық көріп, алдыңғы үш бөлімі қалың көрерменнің ықыласына бөленген еді. Былтыр «Тұмар» ұлттық телевизиялық байғесінде «Ең үздік балалар тележобасы» аталымына ие болды. Биыл толықметражы жарық көрмек. Атауы айтып тұрғандай, кейіпкерлер Түркістан аумағын қорғап, тарихи-мәдени жерлерін аралайды. Авторлар бұл шығарма арқылы тарихымызды дәріптеуді мақсат еткенін айтады.



жасанды интеллект арқылы мультфильм жасауды ұсындым. Мультфильмді жасау барысында ЖИ-дің қазақ тіліндегі төл әріптерді бірден дәл түсіне қоймайтынын аңғардық. Дегенмен промттарды түрлендіріп, арнайы дизайндық шешімдер арқылы осы кедергілерді еңсеруге тырыстық. Кей тұста ЖИ қалаған мимика мен әрекетті дәл бере алмай, шығармашылық ізденісті талап етті. Сонда да болашақта промттар өңделіп, қайта оқылып сапалы бейнелер шығатынына сенемін. Сонымен қатар жобаны YouTube платформасында апта сайын тұрақты түрде жариялап, монети-

қолдау орталығының психологиялық жұмыс бөлімінің басшысы Гүлмира Теленова жаңа жобаның балаларға берері мол екенін атап өтті.

– Бұл мультсериал облысымыздың түкпір-түкпірінде жатқан тарихи құндылығымызды құрметтеуге, елге, жерге деген патриоттық сезімдерді оятуға көп көмегін тигізеді. Мультфильмді көрген кезде әр баланың алатын өсері бойынша жат қылықты жеңіп, жақсы қылықтарға ауыстыра алатындай сезім қалыптастыра алады, – дейді психолог.

Уақытша әсер бермейтін, құр қиялға құрылмаған жобаның тәрбиелік мәні терең, мазмұны

«МӨЛДІР БҰЛАҚ» ЭКОАКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Астанада «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық айлығы аясында таңертеңгі уақыттан бастап «Мөлдір бұлақ» акциясы өтіп жатыр.



Акция барысында су айдындарына жақын аумақтарды санитарлық тазартуға ерекше назар аударылып отыр. Жұмыс Есіл өзенінің жағалауы бойында, сондай-ақ Сарыбұлақ учаскелері мен басқа да су нысандарында жүргізілуде. Қатысушылар қокыс жинап, жағалау аумағын тазартып, қоғамдық кеңістіктерді ретке келтіруде.

Экологиялық бастамаға елорда тұрғындары, коммуналдық қызметтер, жастар, еріктілер және белсенді қала тұрғындары атсалысуда. Қала әкімдігі барлық тұрғынды экологиялық айлықты қолдауға және ортақ іске өз үлесін қосуға шақырады. Бастаманың негізгі мақсаты – қоршаған ортаның, оның ішінде су ресурстарының тазалығын сақтау мәселелеріне қоғам назарын аудару және тұрақты экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Әрбір тұрғын мен ұйым қаланы абағандыруға үлес қосып, оны таза, жайлы әрі экологиялық тұрғыдан қолайлы етуге атсалыса алады.

АЙБЫНДЫ ШЕРУ

Астана қаласындағы Қазақ елі алаңында 7 мамыр күні сағат 11:00-де Отан қорғаушылар күніне арналған плац-концерт өтеді.



Іс-шара аясында көрермендерге әскери оркестрлер мен мемлекеттік органдардың саптық есептопарының қатысуымен мерекелік бағдарлама ұсынылады. Сондай-ақ саптық дайындық элементтері мен салтанатты бөлімшелердің көрсетілімдік қойылымдары да сахаланады. Плац-концертке Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұлттық ұланы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілдері қатысады.

ҮЗДІКТЕР БАС ҚОСАДЫ

Астана тағы да әлемдік киберспорттың назарын өзіне аударады. Қалада PGL Astana 2026 халықаралық турнирі өтеді. Counter-Strike 2 бойынша өтетін бұл додаға әлемнің үздік 16 командасы жиналып, миллиондаған аудитория көз тігетін ірі аренаға айналады.

Турнир 15-17 мамыр аралығында Barys Arena алаңында өтеді. Оған әлемдік деңгейдегі 16 команда қатысады. Былтыр өткен турнир үлкен табысқа жетті: онлайн көру көрсеткіштері рекордтық деңгейге жетіп, халықаралық аудитория тарапынан жоғары қызығушылық болды. Соның нәтижесінде Астана әлемдік киберспорттың жаңа орталықтарының бірі ретінде өз мәртебесін нығайтты. 2026 жылы турнирдің қайта өткізілуі осы жетістіктің логикалық жалғасы болды. Турнирдің ұйымдастырушысы – PGL Esports SRL, киберспорт жарыстарын өткізетін әлемдегі жетекші оператордың бірі. Биыл турнирдің жүлде қоры 1,6 млн АҚШ долларына дейін ұлғайтылды. Бұл оны Counter-Strike 2 бойынша мейджорлардан (киберспорт турнирлер сериясынан) жоғары жүлде қоры бар жарыстардың біріне айналдырады.

С. БЕГИМБАЙ



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мағияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Байыржанқызы –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНЖАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4735

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,